

Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің  
«Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ  
Тимофеев ауылдық кітапханасы

ГУ «Ауликольская районная централизованная библиотечная  
система» отдела культуры и развития языков  
акимата Ауликольского района  
Тимофеевская сельская библиотека



*«Өлке шежіресіндегі есім»*

(Мырзағожин Қ. Ж. 90 жылдығына арналған)

**БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ АЛЬБОМ**



Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің  
«Әуликөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ  
Тимофеев ауылдық кітапханасы

ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»  
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района  
Тимофеевская сельская библиотека

# «Өлке шежіресіндегі есім»

(Мырзағожин Қ. Ж. 90 жылдығына арналған)

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ АЛЬБОМ

Әуликөл

2024

**УКД 821 (574)**

**ББК 91.9:83**

**Ө 37**

**Құрастырушы: Г. М. Жамахина**

**Шығарылымға жауапты: А. К. Мукушова**

**Редактор: С. Ж. Серкебаева**

**Составитель: Г. М. Жамахина**

**Ответственный за выпуск: А. К. Мукушова**

**Редактор: С. Ж. Серкебаева**

Тимофеев ауылдық кітапханасы Әуликөл ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның құрметті журналисі, ҚазКСР Журналистер Одағының мүшесі, КСРО Журналистер одағының мүшесі Қ. Ж. Мырзағожиннің 90 жылдығына арналған библиографиялық альбом дайындады.

Оқу құралында Қ. Ж. Мырзағожиннің өмірі мен қызметі туралы ақпарат бар.

Тимофеевская сельская библиотека подготовила библиографический альбом к 90-летию Почетного гражданина Аулиекольского района, почетного журналиста Казахстана, члена Союза журналистов КазССР, члена союза журналистов СССР Мырзагожина К. Ж.

Пособие содержит информацию о жизни и деятельности К. Ж. Мырзагожина

**УКД 821 (574)**

**ББК 91.9:83**

«Әуликөл орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» мемлекеттік мекемесі,  
Әдістемелік-библиографиялық бөлім

## Құрастырушыдан

Тимофеев ауылының тарихы, оның тұрғындары, әр уақытта өмір сүрген және ауылды дамыту үшін көп жұмыс жасаған және одан тысқары жерлерде танымал болған ауыл еңбеккерлері туралы өлкетану ақпаратын зерттеу мақсатында Әулікөл ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қ. Ж. Мырзағожиннің 90 жылдығына орай Тимофеев ауылдық кітапханасында материал жиналды.

Өлкетану – мәңгілік іс. Біз тарихымызбен, өткеніміз, бүгінгі күнімізге қызығушылық таныту арқылы өмір сүрудеміз. Ауыл қарттары бар кезінде, олардың естеліктерін кейінгі ұрпақтарымызға аманат етіп қалдыру керек. Библиографиялық альбомда кітапхана қорында бар материалдар көрсетілген, Мырзағожиндер отбасының жеке мұрағатынан, сондай-ақ интернет-ресурстардан алынған фотосуреттер пайдаланылған.

Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеленген, бөлім ішінде материал алфавиттік тәртіпте орналасқан. Бөлімдерге: Қ. Ж. Мырзағожиннің өмірі мен қызметі туралы кітаптар, мақалалар мен фотосуреттер, сондай-ақ онымен әңгімелер мен сұхбаттар кіреді.

Материал қазақ тілінде ұсынылған.

Материалдың іріктелуі 2024 жылдың наурыз айында аяқталды

Библиографиялық альбом көптеген оқырмандарға арналған.

Материал <http://auliekol-cbs.kz/ru/> сайтта көрсетілген.

## Өмірбаяны

*(«Көзіммен көргенім, көңілге түйгенім» кітабынан алынды)*

Қазанбасы алқабын арғынның құлқай, өтей, тоңмойын рулары жайлаған ғой. Ақбуралар да уақыт өте бұлармен етене араласып, қыз алысып, қыз берісіп құдамдалы-жекжат болып кетті. Мен осы Бесағаш ауылында 1934 жылдың 1 сәуірінде дүниеге келіппін. Бұл ескіше жыл санау бойынша ит жылы екен.

Әкем Мырзақожа атадан жалғыз екен. Содан ба екен бізді, балаларын еркелетіп өсірді. Оларға ақырып, жекіргенін көргенім жоқ. Мені баланың кенжесі болғасын еркелетіп, бетімнен қақпайтын. Қонаққа, болмаса көрші ауылға барғанда қасынан тастамайтын. Көкем бойшаң, ашаң жүзді, шоқша сақалы бар қара торы кісі еді. Аса қайратты да қажырлы, суыққа берік болатын.

Ағайын-тумаға, көрші-көлемге қайырымды еді. Он саусағынан енері тамған шебер болмағанмен, қара жаяу емес-тін. Үй-ішінің тіршілігіне қажет заттарыңды – арба, шана, қамыт, доға, келі-келсап, ағаш айыр, тырнауыш, күрек, инағаш, пышақ, ұстара, бәкі сияқты бұйымдарды өзі жасап алатын-ды, шелек, леген түптейтін. Етік, мәш тігеді, оларға қажетті қалыптарды өзі шауып жасайды.

Колхозда балташы болып істеді. Шаруашылыққа қажетті құрал-саймандарды: қамыт, жетек, ағаш айыр, тырнауышқа, арбаның төсағашы мен бел ағашына, күбішегіне т.б. қажетті қайыңды ерте дайындап, қабығын аршып, кептіріп қоятын еді. Көкемнің тағы бір өнері – көктемде егіс алқабына тұқым шашатыны. Жыртылған егістікте екі пұттай бидайды алдына өңгеріп алып себу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оған шеберлік әрі күш-қайрат қажет әрі тұқым егістікке біркелі түсуі керек. Соғыстың алғашқы жылдарында барлық ауыртпалықты көтерді. Уақытпен санаспай еңбек етіп, жауды жеңуге өзіндік үлесін қосты.

Қыста көкем кемі 4–5 рет Қостанайға ала сиырмен шөп апарып сатады, қолдан тартқан бір-екі пұт ұнын, уысты-құлақ жинаған астығының бірер қабын, кебектерін сатып, үйге керек-жарақ, бізге көнетоз киім-кешек әкеледі. Біз көкемнің оралуын асыға күтетінбіз. Кәмпит, тағы бір тәттілер әкеледі. Қостанай біздің ауылдан 60 шақырым, қыстың қақаған аязында, бораншашында жолай екі қонып жетеді. Жолдағы елдер қайбір жетісіп отырғандар. Құдайына қарағандар қондырады.

Көкем аңшылықты да кәсіп еткен кісі. Күзен, саршұнақ аулап, терісін үкіметке тапсыратын, қояндарды жымына қақпан құрып аулайтын. Бұл отбасына аз да болса нәпақа ғой.

Анам Талбой Атанақ бойындағы арғын алтынай Құлқай Уәзидің қызы. Ол бес баланың үлкені болды. Екі інісі, екі сіңлісі болған.

Шешемнің қолы берекелі болатын, от басын таза, жинақы ұстайтын. Ағайын-тумаларға мейірімді еді. Абысын-ажындарымен сыйласып, адал дәмін бөлісіп отыратын, олармен сырлас, мұңдас-тын. Өзінің ойын, пікірін ешбір бүкпесіз ашық айтатын кісі еді. Жоғарыда айтқан, қыстай ылау тартқан

ала сиырдан қарын-қарын май алатынына абысын-ажындары таң қалатын. Сонда ішпей-жемей жинаған емес, шайда май-қаймақ үзілмейтін. Әкемізді қатты сыйлап, ол туралы үнемі қамқорлық жасайтын. Ол кезде киетініміз ескі-құсқы ғой, соны жамап-жасқап, уақытылы жуып, бізді мұнтаздай таза киіндіретін.

Әке-шешенің бауырында алаңсыз, ештеңені ойламай, еркін өскен мен өзімді бақытты сезінетінмін. Жылы-жұмсақ, тәтті болса анам менің аузыма тықпалайтын. Мектепке барғанша жетісіне бір рет көкем мен апамның (шешемді «апа» дейтінмін) қойнына жататын едім. Мектеп іргемізде болғасын оқуға мен ерте бардым. Екінші бір себебі апайым мен ағайым маған әліппені мектепке дейін-ақ үйретті. Айтайын деп отырғаным, он бір жасымда бастауышты Мақтау грамотасымен тәмам еттім. Бір айта кететіні ол кезде мектепке 8 жастан алатын. Сол грамота бертінге дейін бар еді, көшіп-қонып жүргенде бір жерде қалды-ау деймін...

Қар кете ауыл балалары су жуа теруге шығамыз. Ол орман ішіндегі шағын көлшіктерде өседі. Сол жерде нанды жуамен соғып алып, асыр салып ойнаймыз. Кей-кейде ағаш басына шығып, қарғаның жұмыртқасын жинаймыз. Араға екі-үш апта салып тау жуа да піседі. Ол көбіне қыраңқы, шақаттау жерде өседі, сарымсақ («чеснок») дәмдестеу келеді. Бұл жуалар қара құлақ ауруына ем ретінде аса пайдалы. Енді бірер апта салып қымыздық піседі. Бұл да бір организм үшін қажетті көкөністің бір түрі. Міне осылай орман аралап, жер-ананың жемісін қалауымызша жейтін едік.

Ал жидек пен шие Қазанбасы орманының өнбойын қоныстанған елдің күн көрісіне септігін тигізетін табыс көзі десем артық айтқандық болмас. Орманның бұл жемістерін жұрт Семиозер, Қостанайға апарып сататын. Соғыс жылдары колхоздың басқармасы, бригадирлері жауын-шашынның арасында шие, жидек теруге кеткен әйелдер мен ересек балаларды орманнан қуып, жұмысқа айдайтын. Орман күзетшілеріне (лесниктерге) оларды ағаш ішіне жібермеуге нұсқау беретін. Мен шие тергіш едім. Өзім қатарлы балалар барған бойда шиеге бас қояды. Онымен шие теріле ме, жоғары класта да азды-көпті тиын-тебен болсын деп әжеммен бірге шие теріп, оны сатып жүрдім. Қой бүлдірген қалың ағаштың ортасында өседі, өте дәмді жидек. Ал қырау түсе пісетін итмұрынның емдік қасиеті бар.

Осылай бал дәурен-балалық шағымыз өтіп жатты. Басымызға қайғы-қасірет түседі деп ойлаппын ба. Он бір жасымда көкем мен апам бір күнде дүние салды. Бұрыннан дімкәстау бұл кісілерді сол кезде елді жайлаған сүзек ауруы алып кетті. Есімді жақсы білетін кезім ғой, апамның қасынан шықпаймын. Бауырына тартып, алақанымен басымнан сипап, айналып, толғанады. Бүгінде өзім немере сүйіп, ата болсам да анамның сол бір аялы алақанының табын әлі сезінгендеймін. Маңдайымнан иіскеп, «күлыншағым» деген сөздері құлағымнан кетпейді. Ауру меңдеген тұста көкемнің бірде:

- Жігіт боп келесің, енді еркелікті қой. Апаң мен ағаңның айтқанын істе, соғыс та бітер. Оқу жағын ұмытпа, - дегені әлі есімде.

Бұл кезде біз Сасық ауылында тұратын Шөкіжан әжемнің үйіне көшіп

келгенбіз. Әжемнің жалғыз баласы Рәш ағай әскерден әлі келмеген. Бұл әжем көкемнің Сатыбалды деген ағасының кемпірі, атамыз ертеректе қайтыс болған. Әжемнің қолында Мұхамедқали деген жиені бар. Әкесін аштық жылдары Қостанай маңында ұрылар тонап, өлтіріп кетіпті. Дәмеш апамыз екінші рет тұрмысқа шыққанда әжем жиенін алып қалған ғой. Сөйтіп, Мұхаң екеуміз, оның менен 6 ай үлкендігі бар, әжемнің қолында бір үйде өсіп, ер жеттік. Бізді ешкім бөліп жармайтын. Кей-кейде көкем мен апамды сағынып жылаймын. Сонда апайым мені құшақтап қоса жылайды. Апам енді біз туралы көбірек ойлайтын сияқты. Бұрынғыдай емес, томаға-тұйық, үндемейді, ауыр күрсініп қояды.











«...»

«...»

«...»



«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

«...»

### УСТАДИҢ СЕТКЕН ЖАҢЫКТАС...

Уста - дүйнөдө өлбөйт, үлө өлбөйт  
Кыргыздын Атаманы!

«...»





жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін, кейін аудандық «Жеңіс туы»-«Знамя Победы» газетінде редактордың орынбасары болды. «Қостанай таңы» газетінің белсенді қоғамдық тілшісі ретінде көкейтесті мәселелерге қалам тартып, қалың оқырман қауымының көңілінен шыққан. 1986 жылдан бастап Қазақ КСР Журналистер Одағының мүшесі және сол жылдан бастап КСРО Журналистер Одағының мүшесі. Қазақстанның құрметті журналисі, 2016 жылы «Әулікөл ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Осы жылдар ішінде республикалық газеттерде көптеген мақалалар жазды. Екі кітап жазды: біріншісі «Көзіммен көргенім, көңілге түйгенім» атты кітабы 2007 жылы шықса, «Кісілік келбеті» атты екінші кітабы 2013 жылы жарық көрді.

Отан алдындағы еңбегі үш медальмен атап өтілген.



1952-1956 жылдары Орал мемлекеттік педагогикалық институтында оқыған







## Тимофеев орта мектебінің ұжымы





## КСРО Коммунистік партиясының мүшесі





Таблицы сотрудников

# ЖУРНАЛИСТЫ районки

## РЕДАКЦИОННО-ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ОТДЕЛ

- 1991 год - [Имя]
- 1992 год - [Имя]
- 1993 год - [Имя]
- 1994 год - [Имя]
- 1995 год - [Имя]
- 1996 год - [Имя]
- 1997 год - [Имя]
- 1998 год - [Имя]
- 1999 год - [Имя]
- 2000 год - [Имя]
- 2001 год - [Имя]
- 2002 год - [Имя]
- 2003 год - [Имя]
- 2004 год - [Имя]
- 2005 год - [Имя]
- 2006 год - [Имя]
- 2007 год - [Имя]
- 2008 год - [Имя]
- 2009 год - [Имя]
- 2010 год - [Имя]
- 2011 год - [Имя]
- 2012 год - [Имя]
- 2013 год - [Имя]
- 2014 год - [Имя]
- 2015 год - [Имя]
- 2016 год - [Имя]
- 2017 год - [Имя]
- 2018 год - [Имя]
- 2019 год - [Имя]
- 2020 год - [Имя]
- 2021 год - [Имя]
- 2022 год - [Имя]

## КОРРЕКТОРЫ

## КОРРЕСПОНДЕНТЫ



## КОРРЕСПОНДЕНТЫ

## КОРРЕСПОНДЕНТЫ

## КОРРЕСПОНДЕНТЫ



## Мырзагужи Канини Жакунович



Заместитель редактора, ответственный секретарь. Бывало, до того расшаркался, что сам не понимал, что написано. «Не материал, а сплошной кроссворд», – вспоминалась манюшница, которая одна только и могла расшифровать его почерк.

Частенько Канини Жакунович вскакивал с места «Сибай, забыл...» и бежал вниз в типографию.

Зато какой джентльмен Канини Жакунович! Статный, телячий, внимательный. Все пути и всегда улыбался. Очень мягкий, добрейшей души человек.

Сборная редакция

## Журналисты районки



### Марапаттары және атағы

- Медаль «Тың жерлерді игергені үшін» – 1957 ж.
- Медаль «Еңбек ардагері» – 1988 ж.
- Медаль «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» – 2004 ж.
- Медаль «941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» – 2010 ж.
- Орден «Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің «АТА» қоғамдық қоры белгісі» – 2012 ж.
- Медаль «Еңбек ардагерлерінің «АТА» қоғамдық қоры» – 2014 ж.
- Медаль «1941-1945 жылдардағы ҰОС Жеңістің 70 жылдығы» – 2015 ж.
- Қостанай облысының Әуликөл ауданының Құрметті азаматы – 2016 жыл














*(сол жақтан Мырзағожин Қ. Ж., Дергун Е. Т.,  
Балгарин А. К., Мырзағожина К. К., 2016 жыл)*

## Кітаптары

**Мырзағожин Қанапия. Көзіммен көргенім, көңілге түйгенім [Мәтін] / Қанапия Мырзағожин. – Қостанай: Шапақ, 2007. – 419 б.**



«Көзіммен көргенім, көңілге түйгенім» деп аталатын бұл кітап байырғы журналист Қанапия Мырзағожиннің алғашқы жинағы. Шығарманың атауы тұрғандай оқиға желісі шынайы өмірлік деректерге негізделген. Автор бұл туындысына ұлағатты азаматтардың іс-қаракетін арқау еткен. Адамгершілік мәселесі, тіл, салт-дәстүрді қатестерлеу жайлы пайымдары көңіл аударуға тұрарлық. Жастар бойына отансүйгіштік сезімді, патриоттық рухты дарыту жөніндегі ұстанымы оқырман қауымға ой салары хақ.

**Мырзағожин Қанапия. Кісілік келбеті [Мәтін] / Қанапия Мырзағожин. – Қостанай, «Шапақ» ЖШС баспасы, 2013. – 376 бет.**



Бұл – белгілі қаламгер Қанапия Мырзағожинның екінші жинағы. Кітап жеті бөлімнен тұрады. Оның әрқайсының айтар ойы, көтерер жүгі бар. Ол – ұзақ жылғы шығармашылық ізденістің, тынымсыз еңбектің нәтежесі.

Аталған бөлімдерге арқау етілген дүниелер қайсы оқырманды болсын терең ойға жетелейді. Санасына сәуле құяды. Рухани жағынан байытады. Жүректерді қозғап, тебірентеді. Сонысымен де ол құнды.

Қаламгердің әрбір туындысы кәдімгі шынайы өмірден алынған. Тілі шұрайлы. Осылайша кітап оны қолына алған парасатты замандастарымызды бейжай қалдырмасы хақ. Жастарға да берері мол.

## Әріптестер лебізі

Қанапия Мырзағожиннің негізгі мамандығы – ұстаз. Бала бағбаны ретінде ұлы шаруа – ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосқан мәртебелі мамандық иесі. Ғұмырының біраз жылдарында Әуликөл аудандық газетінде қызмет жасап, қаламгерлер қатарына қосылу құбылмалы қоғамдағы адамдар тіршілігіне белсене араласып, көзбен көргенін көкейге түюге басты себепкер болған. Сөз өнеріне сүйіспеншілік, журналистік қызметтегі іс – сапарлар, жылжыған жылдар тізбегендегі ел тірлігі, азаматтар абыройы жинақтың

негізгі жүгін көтеріп тұр. Және ол жеңіл шаруа емес. Кітаптің мазмұнына тоқталып, деректері келтіруді жөн санамадық. Бес бөлімге енгізілген автордың ой – толғаныстары баспаөз бетінде жарияланған материалдар бойынша әзірленген екен. Кітапты парақтап отырып, киелі туған жер, топырағы тынысымен, зиялы замандастардың тұлғалы бейнелерімен, еңбек адамдарының ерен іс – қимылдарымен, нарыққа налымаған нар азаматтармен және басқа да тақырыптарды қозғаған материалдармен танысу болады. Ең бастысы, жинақта автордың өзгеге ұқсамайтын, өзіне ғана тән тебіренісі, жазу қабілеті, қолтанбасы бар. Халық ағарту саласында, баспасөзде қызмет істеген Қанапия Мырзағожинның артына қарайламас арман жылдары да өзінше жүйелі өрнектелген. Аталар асуы жас ұрпақтарға мәңгі тағылым, мәңгі өнеге. Жинақтың адамгершілікті сақтау, тіл, әдет – ғұрыпты қадырлеу, отансүйгіштік пен еңбексүйгіштікті бір сәт ұмытпау мағанасында кейінгі қыз – жігіттерге берері мол. Кітаптың оқырманы әрқашан көп онды рухани қазынаға айналуына шынайы көңілден тілектеспіз. Қанапия ағамызға қаламыңыз қарымды, адымыңыз алымды, өмірлі деректеріңіз нанымды болсын дегеннен басқа не айтайық. Әр адамның өмірі бір – бір кітап, роман деп есептейтін болсақ, өткен өмір көрінісінен үзік – үзік сыр шертетін деректі дүние жеке жинақ ретінде жарық көрген екен, ұзағынан сүйіндірсін.

Нағашыбай Мұқатов

Қазақстан Жазушылар Отағының мүшесі, ақын.

### **Шынайы ізгі лебіздер**

Қазақстан журналистер одағының мүшесі Қанапия Мырзағожин ұлағатты ұстаз, кәсеби журналист. Ұзақ жылдар Әуликөл аудандық «Жеңіс туы» – «Знамя победы» газетінде редактордың орынбасары болып қызмет атқарады. Менің журналистік еңбек жолым осы басылымнан басталғаннан кейін бе, көбінесе осы газеттің тағдырына аландап, ара – тұра болса да кітапханадан іздеп тауып, зер салып оқып жүретінмін. Бұдан отыз – қырық жыл бұрынғы ахуалға назар аударатын болсақ, ол тұста тек Әуликөл, ол кезде Семиозер, ауданында ғана қазақ тілінде газет шығатын. Оның өзінде мақалалардың көпшілігі орыс тілінен аударылатын. Газетте Қанапия ағамыздың қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалары жіе жарияланып тұрды. Қазақ тілі қоғамның басылымы – Әуликөл үні газетін шығаруға мұрындық болғандардың бірі болды, осы газетте жауапты шығарушы болып істеді. Кейінірек «Әуликөл тынысы» газетінде редактордың орынбасары қызметін аброймен жалғастырды. Зейнетке шығып, облыс орталығына көшіп келгеннен кейін де қолынан қаламын тастаған жоқ, ана тілінің тағдыры, салауатты өмір салты, ауыл өмірі, ел құрметіне бөленген ардагерлер туралы ірілі – ұсақты жарияланымдарын облыстық «Қостанай таңы» газетінің бетінде жариялады. Өмір белесінің талай асуынан өткен журналист өзі туралы және өзінің замандастары туралы жазған дүниелерінің басын қосып, оқырмандарға деп аталатын жинақ ұсынып отыр. «Қайындыкөл – ата қоныс»

деп аталатын алғашқы бөлімдегі мақалалар өнегелі өмір мен тіршілік түйткілдері туралы сыр шертеді. Кітапқа әр жылдары жарық көрген шағын мақалалар да енгізілген екен. Олар тарихтың әртүрлі кезендері туралы баяндайды. «Алуан – алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дейді халық даналығы. Журналист жазбаларының бәрі бірдей көп көңілінен шығады деуден аулақпыз. Мәселен, қазақтың ұлы ғылымы Шоқан Уәлихановтың туған жері туралы қисынды пікірлерді әңгіме, Сарыкөл ауданындағы Күнтимес қонысы туралы болып отыр, мойындаудан көрі оны Әуликөлге меншіктеу көзге ұрып тұр. Уақытында қажетке жараған материалдар болса да, уақыт сұраптауынан өтпей, ескіріп қалған мақалалар да кітапқа еніп кетіпті. Бірақ, мұның бәрі қаламгердің еңбегі екенін ескерсек, ол Әуликөл ауданының тарихы, аталған елдің еліне елеулі, халықына қалаулы болған азаматтары туралы жүрек жарды пікірін білдіргені даусыз.

*Ақылбек Шаяхмет, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,  
Филология ғылымдарының кандидаты*

### **«Қанапия ағаға»**

Кім біледі қайдан жанар бақ – талан,  
Азаматсың ел сенімін ақтаған.  
Асқар таудай абыройлы ағажан,  
Топ ішінде өзіңмен де мақтанам.

Мақтанышым жүрегіме жыр екті,  
Көңіліме қызғалдақтай гүл екті.  
Маған – аға, Табылдыға жездесің,  
Апамызға сыйлаған соң жүректі.

Зердең, аға, қазыналы сырлы үйқы,  
Тындағанға тұратындай нұр құйып.  
Саған, аға, саф алтыннан сандықтай,  
Білімің бар теңіздейін тұңғиық.

Сенен көрем, аға, ойдың бұлағын,  
Зергер сөздің жағып жүрсің шырағын.  
Қаламгерсің қыран көзді, өмірде  
Қос қанатты мінген шабыт пырағын.

Ұлы – қыз өсіп, ектің ұрпақ орманың,  
Күляш апам тапты өзіңнен қорғаның.  
Сәлемі де сатулы бұл заманда,  
Қандай бақыт ортамызда болғаның!

*Әсия Беркенова, Қазақстан халық ақыны*

### **Мырзағожин Қ. Ж. туралы**

- ❖ Бұқанов, Сайран. Қазақ жалқау ма? [Мәтін] / Сайран Бұқанов // Қостанай таңы. – 2019. – 6 желтоқсан. – Б. 6–7.
- ❖ Өмірдің өз өрнегі [Мәтін] : [жаңа кітап : сурет бар] / «Қостанай таңы» газ. ред. // Қостанай таңы. – 2013. – 17 сәуір. – Б. 8.
- ❖ Хакімжанова, Жұмакүл. Еңсесі биік азамат [Мәтін] : [Батырхан Сейдахметұлы Ермұхамбетов туралы] / Жұмакүл Хакімжанова ; суретті түсірген автор // Әулиекөл. – 2018. – 20 наурыз. – Б. 3.
- ❖ Шайынғазы, Сейфолла. Абырой биігі [Мәтін] : [журналист Қанапия Мырзағожин туралы] / Сейфолла Шайынғазы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 2 сәуір. – Б. 10.

### **Мақалалары мен әңгімелері**

- ❖ Мырзағожин, Қ. Бәрі бастауыштан басталады [Мәтін] : [Қостанайдағы «24» А бастауыш мектебі туралы] / Қ. Мырзағожин; суреттерді түсірген Қ. Бейсенов // Қостанай таңы. – 2011. – 14 қаңтар. – Б. 4.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Ақсақал деген атқа кімдер лайық? [Мәтін] : [автор пікірі] / Қанапия Мырзағожин // Егемен Қазақстан. – 2018. – 15 қазан. – Б. 9.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Біз он екі едік [Мәтін] : [Қанапия Мырзағожиннің кластас достары туралы] / Қанапия Мырзағожин // Әулиекөл. – 2013. – 11 шілде. – Б. 5.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Білім негізі бастауышта қаланады [Мәтін] : [Қостанайдағы № 24 «а» қазақ бастауыш мектебі] / Қанапия Мырзағожин // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 ақпан. – Б. 8.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Ел ағасы атанған [Мәтін] : Социалистік Еңбек Ері Қабидолла Тұрғынбаев туралы бір үзік сыр / Қанапия Мырзағожин // Егемен Қазақстан. – 2016. – 13 қаңтар. – Б. 12.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Қарт ананың көз жасы [Мәтін] : [Жұмабике әжей туралы] / Қанапия Мырзағожин // Қостанай таңы. – 2020. – 22 қаңтар. – Б. 8.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Қостанайда «көшесі» бар Сәкеннің [Мәтін] / Қанапия Мырзағожин // Егемен Қазақстан. – 2018. – 5 қаңтар. – Б. 5.
- ❖ Мырзағожин, Қанапия. Шоқан ауылының азаматтары [Мәтін] : [ғалым Ш. Уәлихановтың туған жері Күнтеміс деген пікір туралы] / Қанапия Мырзағожин // Егемен Қазақстан. – 2015. – 11 қараша. – Б. 5.



## Интернет –ресурстар

<https://m.ok.ru/profile/571729120045/statuses/154344552673325> (жүгінген күні 05.02.2024)

<https://auliekol-cbs.kz/images-new/-0-/press.pdf> (жүгінген күні 05.02.2024)

<http://old.baq.kz/storage/18/18b8a4ab1d0298057202e98037ab5bb7.pdf>(жүгінген күні 06.02.2024)

<https://egemen.kz/article/99291-syylastyghymyzdynh-synhayy-qanday>(жүгінген күні 07.02.2024)

<https://informburo.kz/novosti/pavel-durov-stal-laureatom-premii-soyuza-zhurnalystov-kazahstana.html>(жүгінген күні 07.02.2024)

## Еңбек кітапшасындағы жазулар

- 1956 – Харьков жеті жылдық мектепте орыс тілі мұғалімі
- 1959 – Қарақалпақ жеті жылдық мектепте директордың орынбасары
- 1960 – Киров жеті жылдық мектепте директор
- 1965 – Тимофеев ОМ қазақ тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімі
- 1966 –Тимофеев орта мектебінде директордың орынбасары
- 1978 – «Знамя Победы»=« Жеңіс тұы» аудандық газетінде директордың орынбасары
- 1999 – «Жетікөл» газетінің редакторы
- 1999 – «Әулікөл тынысы» аудандық газетінің корреспонденті

## Отбасы







*Оқушылармен кездесу*



## «Абырой биігі»



Қанапия Мырзағожиннің есін енді біле бастаған балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Ол аздай жасы онға толғанда сүзектен әкесі мен шешесі бірдей қайтып тұл жетім атанды. Дегенмен, ол бір «өкімет өлтірмейді» деп халықтың мемлекетке арқа сүйеп дағдылана бастаған уақыты болатын. Ақыры солай болды да. Әке мен шешеден айырылған соң әкесінің туған ағасының кемпірінің қолында тәрбиеленген Қақаң интернатта жатып оқып, 1952 жылы Семиозер (қазіргі Әулиекөл) орта мектебін бітіріп шықты.

Бұл қазақ жастарының жаппай жоғары білім алуға ұмтылып жатқан шағы болатын. Қақаң да мектептен кейін білім іздеген өз замандастары сияқты Орал педагогикалық институтына оқуға түсіп, мұғалім мамандығын алып шықты. Қолына диплом тиген соң туған еліне оралып, жеті жылдық мектепте әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Айтқандай, Қақаң Оралдан диплом ғана әкелген жоқ, бүгінде өмірлік қосағы болып отырған Күләш жеңгемізді де ала келді. Жиырма жылдан астам уақыт ұстаз болған уақыттың ішінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директоры сияқты жауапты жұмыстарды абыроймен атқарды. Бәлкім, зейнет демалысына шыққанға дейін өзінің қалаған мамандығы бойынша қызмет атқарып жүре берер ме еді, кім біледі... Бірақ, бәрі аяқ астынан өзгерді.

Бір күні бұған аудандық партия комитетінен телефон шалып, аудан басшысының өзімен сөйлескісі келетінін, сондықтан аупарткомға келіп кетуі керек екендігін айтты. Келді. Сөйтсе, басшылық Қақанды аудандық газет редакторының орынбасары лауазымына лайық деп тауыпты. Осындай ойлары бар екенін жеткізгенде жазуға қашаннан икемі бар, қолы қалт еткенде түрлі тақырыптарға қалам тартып та жүрген Қақаң онша қарсы бола қойған жоқ, тек пәтер мәселесі қалай шешіледі екен деген ғана сауал қойды. Басшылар болса ол жағынан қам жемеуін, пәтердің болатынын айтты. Бұл 1978 жылдың жазы болатын.

Осы орайда бір жайтқа ерекше тоқтала кеткен жөн. Кешегі кеңестік дәуірде Қостанай облысында қазақ тілінде жарық көретін бір де бір аудандық газет болған жоқ. Жалғыз Семиозер ауданында ғана «Жеңіс туы», «Знамя победы» деп аталатын газет екі тілде шығып тұрды. Қақаңа, яғни Қанапия Мырзағожинге осы газет редакторының орынбасары болу міндеті жүктелген болатын. Жоғарыда өзіміз айтып кеткендей, газет екі тілде басылатын болғандықтан оған материалдарды да екі тілде дайындау қажет. Кейде ана тіліміздегі кейбір күрделі сөздердің өзін жазуда қателікке жол беріп жататынымызды ескерсек, екі тілде материал дайындау оңай шаруа емес. Оның үстіне Семиозер халқының саны 70 мыңға жуықтайтын облыстағы ең ірі аудан болып табылады. Оңтүстік өңірлер үшін бұл ауыз толтырып айтуға тұрарлық та болмауы мүмкін, ал аудандардағы тұрғындар саны 30-40

мыңның о жақ, бұ жағында ғана болатын солтүстік облыстар үшін бұл үлкен көрсеткіш. Осындай халқы бар ауданда газет тиражының да қомақты болатыны өзінен өзі түсінікті. Ол уақыттарда жұмыс өте қызу жүретін. Айталық, қыстың аяғындағы мал төлдетуден кейін, көктем шыға тұқым себу науқаны басталса, ол аяқталысымен жұрт шөп шабу жұмыстарына кіріседі. Қой қырқу сияқты жұмыстар өз алдына бір бөлек. Шөп шабылып, қора басына маяланып болған соң мал қыстату науқаны қарқын алады. Міне, осы жұмыстардың бәрі аудандық газетте уақытында көрініс табуы тиіс. Ол уақыттың талабы сондай. Оқырманға қажет пе, қажет емес пе, сен ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды газет бетінде үнемі көрсетіп отыруың керек. Әрине, ауылда туып-өскен Қақаң үшін ауданда жүріп жататын жұмыстарды жазу онша қиынға түскен жоқ. Соның арқасында аз уақыттың ішінде үлкен беделге ие болды, газет жұмысы да жандана түсті. Бағына қарай сол кездегі газет редакторы Салық Молдахметов Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген өте тәжірибелі басшы болатын. Жаңа қызметке төселіп кетуінде ол кісінің де үлесі аз болған жоқ.

Қ. Мырзағожиннің өзі жиырма жылға уақыт қызмет істеген газеттен кетуі де қызық. 90-жылдардың басында 60 жасқа толғанын атап өтпек болып аудан басшыларын, жора-жолдастарын шақырып той жасайды. Тойда әрине, газеттің сол кездегі редакторы да болады. Аудан басшысынан кейін сөзді қонақтардың жастарына қарап беріп отырғандықтан, редакторға сөз кезегі кешірек тиіп қалса керек. Осыны кек тұтқан редактор маған аудан басшысынан кейін сөз беруің керек еді деп ренішін де айтып салады. Не керек, той үстінде Қақанды мақтап сөйлеген басшысы, ертеңіне зейнет жасына жетуіңізге байланысты сізді қызметтен босату туралы шешім қабылдадым деп қарап тұр дейді. Мінезі бірбеткей Қақаң да үлкен басын кішірейтпей, «жарайды, сенің қалағаның-ақ болсын» деп шығып жүре беріпті. Бірақ көп ұзамай облыстық газетке басшы болып кеткен бұрынғы редакторы ауыс-түйістен соң қайтып келіп, Қақанды қызметке қайта шақырады...

Қазақстанның құрметті журналисі, Әулікөл ауданының құрметті азаматы атанған Қанапия Мырзағожин бүгінде құдай қосқан қосағы, Қазақ КСР оқу ісінің үздігі Күләш Кәрімқызымен бірге Қанат есімді баласының қолында Астана қаласында тұрады. Қақаң Egemen Qazaqstannuń ұзақ жылдардан бергі тұрақты оқырманы ғана емес, сонымен бірге тұрақты авторларының да бірі. Ол кісінің адамгершілік, өнегелілік тақырыптарын қозғаған мақалалары газет бетінде үнемі жарияланып тұрады. «Көзбен көргенім, көңілге түйгенім» және «Кісілік келбеті» деп аталатын екі кітабын шығарған Қақаң өнегелі әке. Дәулеті де, Қайраты да, Жұпары да, Қанаты да жоғары оқу орындарын бітірген. Бәрі де өз мамандықтары бойынша қызмет атқарып жүр. Мағыналы өмір сүріп, абырой биігінен көрінген деп қазақ сірә, осындай кісілерді айтса керек.

*Сейфолла Шайынғазы,  
«Egemen Qazaqstan»*

## «Ақсақал деген атқа кімдер лайық?»

Қазақ халқының ұғымында «шал», «қария», «ақсақал» деген атаулар атам заманнан бері бар. Алайда осы ұғымдардың ара-жігі ажыратылып, нақты мәні айқындалмаған сияқты. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Шал жасы алпыс-жетпістен асқан ер азамат» делінген. Ал «қарт» ұғымына кімдер жатады? Әлгі аталған сөздікке көз жүгіртсек «Қарт – көрген-білгені мол, көп жасаған кісі» дегенді оқисыз. Олай болса ұзақ ғұмыр кешсе де көрген-білгені шектеулі кісілерді не деуіміз керек сонда? Қазақ ел тағдырын шешуге атсалысқан қарттарды, әулеттің үлкендерін ақсақал деген ғой. Ал бүгінде кімдерді ақсақал деп жүрміз? Үлкен кісілердің бәрін ақсақал деуіміз қаншалықты дұрыс? Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Ақсақал – жасы үлкен, құрметті ер адам, қария» деп түсінік берілген. «Ақсақал – тәжірибесі мол, өз ісінің шебері» делінген.

Енді жоғарыда аталған ұғымдарды ғалым, жазушы, публицист Немат Келімбетовтің түсінігі тұрғысынан бағамдап көрейік. «Мен өзім тек балашағасының қамын күйттеп, күйбеңдеп жүрген кісіні шал дер едім де, ал туған ауылының, туған жерінің жоғын жоқтап, қамын жеп, жан-тәнімен қарбаласып жүрген егде жастағы ер азаматты «қария» дегім келіп тұрады, қазақ дейтін тұтас қауымды бөліп-жармай, бүкіл елдің қамын ойлау дәрежесіне дейін көтерілген құрметті қартты ақсақал дегім келіп тұрады» дейді ғалым.

Жоғарыда келтірілген ұғымдарды бүгінгі күн тұрғысынан зерделесек артық болмас. Қоғамдағы үлкен кісілердің басым көпшілігі өз отбасының қамын ойлап жүретін шалдар қатарына жатады. Бір қарағанда бұл жаман да емес сияқты. Отбасының күйін күйттеп, тырбандап еңбек еткеннің несі жаман?! Әрбір отбасының қожасы өз ұрпағының болашағы үшін аянбай еңбек етіп жатса біз де озық елдер қатарына әлдеқашан қосылар едік-ау! Қария санатында жүргендер арасында тек өз отбасының ғана емес, өзі тұратын ауылдың қамын ойлап, жоғын жоқтайтындар да болған. Ондайлар қазір де бар деп ойлаймын.

Қостанай облысының Тау Құсмұрын аталатын өңірінде қоныс тепкен тағышылар ауылында Ыбырай Қанатбаев деген кісі болды. Колхоздың тыныс-тіршілігіне белсене араласқан адам. Тауарлы-сүт фермасында меңгеруші болды, қыrmанды басқарды, мал дәрігері болды. Он жылдай колхоз басқармасының мүшесі болып, тексеру комиссиясының төрағасы міндетін де атқарды. Ол жылдары мен сол ауылда мектеп директоры болатынмын. 1963 жылы қуаңшылық болып, егін нашар шықты, жем-шөп тапшы болды. Қарашаның аяғында жекенің малы қолға қарап қалды. Малды әлі де қамысы қалың қопаға апарып бағуға болар еді деп жүрді үлкендер жағы. Алайда ешкім мал бағамын деп суырылып шыға қоймады. Міне, осындай қысылтаяң шақта ел қамын ойлаған Ыбекең қажыр-қайрат көрсетті. Атын ерттеп мініп ауыл малын Құсмұрын көлінің қопасына апарып салды. Сөйтіп 83 жастағы ақсақал ауылдың малын бір ай бойы бағып берді. Жерлестері болса шынайы ризашылықтарын білдіріп, бала-шағаның

қызығын көр, бойыңа дерт бермесін, жүзге жет деп ақ тілектерін айтты. Сөз орайында айта кетейік, Ыбекең елдің батасы қабыл болып 106 жасында дүниеден өтті.

1953 жылдың қыркүйегінде мемлекет басшылығына келген Хрущев халықтан «басы артық малды» тартып алуға кірісті. Осындай шақта тағы да Ыбекең ауданнан келген өкілдердің алдына шығып халық сөзін сөйледі. «Біз үкіметтің қаулысына қарсы емеспіз. Бірақ алды-артына қарамай жұрттың малын жаппай жинап алушылармен келіспейміз. Менің де бием бар, алыңдар. Ал қымызын ішіп, соны көлік қылып отын-шөбін дайындап жүргендердің қолындағы биесін алып қою қалар болар екен». Ыбекеңнің осы сөзінен кейін өкілдер ақылға келіп ауылдағы жиырмашақты шалдың биелерін өздеріне қайтарып береді. Оның алдында аз уақыт үкіметті басқарған Маленков шаруаларға қара мал, жылқы ұстауға рұқсат берген ғой. «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» деген мысқыл өлеңнің де шығып жүргені сол кез болатын.

Осы орайда Ыбырай қарттың тағы бір ісін айтуға тура келіп тұр. КСРО Жоғарғы Кеңесі 1964 жылы колхоз мүшелеріне зейнетақы және жәрдемақы төлеу туралы қаулы қабылдады. Соған байланысты жергілікті кеңес өз аумағында тұратын үлкен кісілердің тізімін жасап, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне тапсырды. Сөйтіп жаңағы шалдарға 12 рубль 50 тиыннан зейнетақы белгіленеді. Сөйтсе құжатта егер колхозда соңғы жылы 6 ай жұмыс істесе зейнетақы мол болады деп көрсетілген екен. Содан Ыбекең ауылдағы шалдармен ақылдасып, колхоздың мал қораларын жөндеу жөнінде колхоз басқармасымен шартқа отырады. Ақыры 6 ай тынымсыз еңбек етіп, кейін еңбегінің зейнетін көрді. Әлгі шалдардың алды 50 рубльге дейін зейнетақы алуға қол жеткізді. Қора жөндеу жұмысына әйелдерге дейін қатысты. Осыдан кейін Ыбекең тағы да ауылдастарының ақ батасына бөленді. Елдің қамын ойлаған, қартайса да қайраткерлік қарымын жоғалтпаған осындай кісілерді ақсақал деп айтса құба-құп.

Жалпы, жақсы қартая білу де үлкен өнер болса керек. «Жақсы адам қартайса көкірегі толы хат болар, жаман адам қартайса бықсып жанған от болар» деген сөз тегіннен-тегін айтылған жоқ. Көрген-білген тәжірибелерімен бөлісіп, кейінгі жастарға ақыл-кеңестерін бере жүретін үлкендердің ісі әркезде де өзгелер үшін өнеге болуы тиіс. Өкінішке қарай, іс жүзінде күнделікті өмірдегі жағдай дәл біз күткендегідей бола бермейді. Кейбіреулер жасы егде тартса да арақ-шарап ішіп, түрлі ұятты қылықтарға барып, кейінгілерге теріс үлгі көрсетіп жатады. Енді бір шалдардың тірлігі қара бастарынан артылмайды. Кейінгі ұрпаққа дұрыс жол көрсетуге мүмкіндіктері жоқ, әйтеуір жер басып жүргендеріне мәз. Тіпті балама жақсы қызмет алып беремін деп әкім-қараларға жалпаңдап, жағымпазданып жүретін де шалдар баршылық. Ондайлар әдетте «ақсақал» деген ардақты атқа кір келтіріп, азын-аулақ беделдерінен айырылады.



Жақсы ғұмыр кешіп, ел-жұрттың алдында абырой-беделге бөлене білген адам қартайдым деп өкінбеуі тиіс. Өйткені ондай адамдардың ісі елдің есінде ұзақ сақталады.

*Қанания МЫРЗАҒОЖИН,  
Қазақстанның құрметті журналисі*

### **«Қостанайда «көшесі» бар Сәкеннің»**

Сәкен Сейфуллин – қазақ халқының дарынды перзенті, елінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қажырлы еңбек етіп, бүкіл күш-жігерін, білімін сарт еткен абзал азамат. Сәкен қазақ-кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақстан Кеңестерінің III съезінде (1922 ж.) Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайланғаны да көпшілікке мәлім.

Ақиық ақын, жазушы қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосты. Ол өзінің дарыны мен өнерін халық мүддесіне, туған елінің жарқын болашағына арнады, жаңа заманның дауылпаз сайыпқыран ақыны атанды. Өттең «кінәсіз кінәлі» болып, 1938 жылы атылып кетті. Қазақ елінің тарихында елеулі орны бар Сәкеннің есімін халқы қастерлеп, әркез құрмет тұтады. Республикамызда көшелер, мектептер, театр мен жоғары оқу орны Сәкен Сейфуллин есімімен аталады. Астана қаласында С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді.

Дей тұрғанмен, осындай тарихи тұлға, абзал азаматқа Қостанай өңірінде лайықты құрмет көрсетілмей отырғаны өкінішті-ақ. Рас, қостанайлықтар да оны ұмытқан жоқ. Қалада С.Сейфуллин атында көше бар. Көше атауы бір «л» әрпімен «Сейфулин» деп қате жазылған. Әңгіме осы көшенің атында емес, затында болып тұр. Оны көше деп атауға ауыз бармайды. Кезінде дүрілдеген мауыты-шұға комбинаты орналасқан шағын ауданға кіре бергенде оң жақ қапталда қалатын, қалтарыста тұрған бірнеше үйді Сейфуллин көшесі деп атай салған деп естігенбіз. Бұдан Қостанай қалалық кеңесі басшыларының іске немқұрайлы қарағаны байқалады.

Біз сол көшені іздеуге шықтық. Қасымда қарт педагог, халық ағарту ісінің үздігі Елтай Шожанов жолдасым бар. Қалтарыстау орналасқансын ба, әлде күн суық болғандықтан ба жүргіншілер сирек. Алдымыздан 70-тен асқан әйел кезекті. Өзін Райса Ивановна деп таныстырған оған шаруамызды айтып, Сейфуллин көшесін сұрадық. Сөзге бейіл кісі екен, өзінің Спандияр Көбеев көшісінде тұратынын айтты.

– Бүгінде көшелердің аты жиі өзгеріп жатыр ғой. Сейфуллин көшесі дегенді сіздерден бірінші рет естіп тұрмын, деді.

Әрі қарай кеттік. Бір бойжеткенді кезіктірдік, шамасы студент болса керек. Ол да ондай көшеден бейхабар. Сөз арасында «Сәкен Сейфуллиннің кім екенін білесің бе?» деп сұрағанбыз. «Жоқ, білмеймін» деп кесіп айтты әлгі қыз.

Енді не істейміз деп аңтарылып тұрғанымызда, бала жетектеген, жасы 60-ты алқымдаған әйел кезекті. Оған да шаруамызды айтып, жөн сұрадық.

– Анау бір үйде сакқұлақ, көп нәрседен хабары бар кісі тұрады. Бір білсе сол кісі біледі, соған барғандарыңыз жөн болар,– деп кеңес берді. Ерінбей ол үйге де бардық. Есік алдында кезіккен қарт өзін Анатолий Степанович деп таныстырды. Жөнімізді білген соң қария:

– Тура келіпсіздер, біздің үй Сәкен Сейфуллин көшесінің бойында орналасқан. Ал ағымнан жарылып айтар болсам, бұл көшенің басы қайда, аяғы қайда екенінен өзім де бейхабармын. Көріп тұрсындар ғой, сонау тұрған ескілеу екі үй, ана тұста бір үй, мына алты қабатты үй Сейфуллин көшесі саналады. Ұмытпасам, Сейфуллин көшесі аталғанына қырық жылдай болып қалды-ау,– деп әңгімесін аяқтады.

Тағы да олай-бұлай жүріп, бір бүйірде тұрған үш пәтерлі үйге бұрылды. Жатағандау келген баспананың күншығыс жағындағы есігінен ішке ендік. Үй иесі алпыстан асқан кісі екен, оған да келгендегі шаруамызды айттық.

– Иә, сіздер іздеген көшенің тұрғынымын. Өкінішке қарай, Сейфуллин атындағы көше туралы бәлендей ештеңе айта алмаймын, оны көше деуге де ауыз бармайды. Бір белгілісі, ана маңдағы алты қабатты тұрғын үй де сол көшеге жатады. Үлкендеу үй, бір қауым ел ғой, жай-жапсарын солар білетін болар,– деп бізді шығарып салды.

Әлгі кісінің сілтеуімен ирелендеген жалғыз аяқ жолға түсіп алып, алты қабатты үйге де ат басын тіредік. Ішке кіріп, екі-үш есікті қағып едік, ешкім жауап бермеді. Әйтеуір, бір есікті үлкен кісі ашты.

– Үй таппай келмеген шығарсындар, төрлетіндер,– деп бәйек болып жатыр ақсақал. Танысып, жөн сұрасқаннан кейін оған да шаруамызды айттық.

– Біздің бұл үйде тұрып жатқанымызға үш жылдан асып барады. Мен бұл тұста көше көріп тұрғаным жоқ. Көршілеріміздің айтуынша, көше бар, 20 шақты үйден тұрады екен. Өткен ғасырдың 50-жылдары олардың басын біріктіріп, Герцен көшесінің 1-ші өтпесі деп атапты. Ал біз тұрып жатқан үй кейінірек ескірген соң, 80-жылдары күреліп тасталып, солардың орнына тұрғызылыпты. Осы шағын аудандағы 6 қабатты жалғыз үй осы ғана. Сәкен Сейфуллин сияқты біртуар асыл азаматымызға осындай көшені берген сол кездегі қала басшылығы, қалалық кеңестің депутаттары не ойлады екен?! Бұл Сәкеннің әруағын қорлау ғой, – деп қария біраз өкпе-назын ақтарды.

Сонымен Сәкен Сейфуллиннің атындағы көшенің оң жақ бетінде алты қабатты № 2-үй, ал сол жақ бетінде 3, 5, 7, 13 нөмірлі үйлер орналасыпты. № 1, № 9-үйлер тозығы жеткен соң күреліп тасталса керек.

Осыдан 50 жыл бұрынғы мына ақпаратқа назар аударайық. Облыстың мемлекеттік архивінің маманы Наталья Здоровец Қостанай қаласының «Наша газета» апталығында «Что было, то было» деген айдармен апта сайын шаһар өмірінде болған айтулы оқиғалар жөнінде қысқа ақпараттар беріп тұрады. Газеттің 2009 жылғы 14 мамырдағы санында (№20) былай деп жазылған: «22 мая 1968 года в районе комбината хлебопродуктов в Кустанае переименован 1-й проезд Герцена в улицу Сейфуллина».

Қайран Сәкен! Елім деп еңіреген атпал азаматқа Қостанайда жөні түзу бір көшенің бұйырмағанын қайтерсің.

*Қанатия МЫРЗАҒОЖИН,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Әулиекөл ауданының құрметті азаматы*

### **«Әйелдердің ерімен қосылып арақ ішуі етек алып барады»**

Балалық шағымыз Екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапыл жылдарымен тұстас келді. Ол бір қиын кезең еді ғой. Қарағайлы орманның қолтығына орналасқан біздің ел бәлендей ашыға қоймады. Орыс поселкелерімен қарым-қатынас жасап, қайта соларға қайың мен қарағайын апарып, көбіне картопқа айырбастап талғажау қылатын-ды. Қыста әкеміз Қостанай қаласына (60 шақырым араға бір қонып) отын, шөп, қол диірменге тартқан бірер пұт ұнын, жемі мен кебегін сатып, отбасына қажетті арзанқол киім-кешек, қантшайын сатып әкелетін.

Өмірдің аты өмір, ол өз кезегімен өтіп жатты. Сондай қиын уақыттардың өзінде той-томалақ болып тұратын. Жігіттер соғыстан оралып, балаң жігіттер ержетіп, отау құрып, нәрестелер дүниеге келе бастады. Ауыл барымен базар деп, шаймен болса да қуаныштарын бөлісіп, көңіл көтеріп, мәре-сәре болып жататын. Кейін жұрт есін жиып, тойына бастағанда арақ деген бәле шықты. Ертеректе оны ауылдың «игі жақсылары» ғана ара-тұра ішетін еді. Міне, тап солар бұл жөнінен «өнеге көрсетті» десем, ешкім дау айта қоймас. Халық «Балық басынан шіриді» деп осындайда айтқан ғой. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген емес пе? Осы бір теріс әдет ел арасына тарай бастады. Шаруа баққан жігіттер әлгінің дәмін татып, соған үйірсек болды.

Тың игеруге орай қазақ ауылдарына қоныс тепкендер бұл жөнінен «көсемдік» көрсетті. Ағаларымыз қырға егін салып, шөп шауып, мал бағып жатқанда, жеңгелеріміз орыстың мәтүшкелерімен (мать, матушка деген орыс сөзі) қантсыз ашыған боза (брашка) ішіп, сайрандауды шығарды. Сол жылдары елде үлкен де, кіші де ішімдікке әуестеніп алды. Кейін жаппай ішу басталды. Содан қазақ әлі ішіп келеді. Шегінер, ақыл-тоқтамға келер түрлері байқалмайды.

Ішімдіктің зияны, оның әкелетін қайғы-қасіреті туралы аз жазылып жатқан жоқ. Бір сәт төңірегіңе көз тасташы. Бәленше жол апатына ұшырапты, түгеншені пышақтап кетіпті, әлгі бәленшенің ұлы әкесін өлімші ете ұрып, зейнетақысын тартып алыпты деп естисің. Арақтың қазаққа тигізіп отырған залалы шектен шықты десек, артық айтқандық емес. Ішімдікке бейім ұлт қалайша өз елінің қожасы болмақ? Отбасының бас көтерері маскүнем болса, үйде қандай береке, қандай ынтымақ-бірлік болмақ? Жалтақтап өскен, ашқұрсақ балалардың ертеңі не болмақ?

Отбасының ұйытқысы, құт-берекесі саналатын әйелдің ерімен қосылып арақ ішуі етек алып бара ма, қалай? «Маскүнем әке – тауқымет, маскүнем ана – қасірет» деп тегін айтылмаса керек. Екеуі де әң әуелі өз ұрпақтарын сорлатады. Бүгінде ішімдіктің салдарынан кемтар туып, кембағал болған балалар қаншама. Қылмыс жолына түскендер ше? Өзіне өзі қол жұмсау, яғни суицидтен әлем бойынша екінші орынға көтерілген Қазақстан арақ ішуден де алға шықты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының спиртті ішімдіктер тұтынуға қатысты әлем бойынша жүргізген арнайы зерттеулерінде Қазақстан 188 елдің арасынан 34- орынға көтерілген. Орталық Азия елдерімен салыстырсақ, бұл тізімде Қырғызстан – 106, Түрікменстан – 114, Өзбекстан – 131, Тәжікстан 134-орыннан көрінген. Бұл нені көрсетеді? Ойлан, ағайын! Ойлан қазақ! Жоғарыда айтылған ұйымның деректері бойынша жылына 8 литр арақ ішкен адам маскүнемдердің қатарына жатады екен. Ал бізде адам басына шаққанда, арақ ішу 33,5 литерден келеді. Адам басына! Әділін айту керек, бізде арақпен қош айтысқандар да жеткілікті. Мұны ескерсек 33,5 литрден әлдеқайда көп болса керек. «Қазақтың араққа кеткен ақшасынан тау тұрғызуға болады» деген әзіл айтылып жүр. Жаны бар әзіл.

Арақ ішуге сылтау көп-ақ. Сәбидің дүниеге келуі, оларды туған күнінен бастап, мектеп, институт бітіруі, әскерден аман-сау келуі, тіпті газетке шығып жатса да көрші-көлем болып ішуді ұнататын абысын-ажындар жоқ емес. Осы орайда белгілі сатирик-ақын Серік Кенжеахметовтің «Ағайын тату болса арақ көп, абысын тату болса, шарап көп» деген мысқылы ойға оралады. Ішуге сылтау көп дедік қой жоғарыда. Солай екен деп тізгінді бос жіберуге әсте болмас. Ертеңімізді, жастарымыздың болашағын ойлайық. Үкімет те бұл жөнінде нақтылы шара қолдануы керек деп есептейміз. Соғым сою, омыртқаға шақыру қазақтың еншісіне тиген, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан жақсы дәстүрі. Алайда осындай басқосулар көбіне арақты сілейгенше ішуге ұласады. Ондай жерде әрине, ешқандай береке болмасы өзінен өзі түсінікті. Ауылда соғым сойған күні көрші-көлем түгел шақырылады ғой. Міне, сонда кәрі кемпірлердің, күркілдеп отырған шалдардың арақты сіміретінін қайтерсің. Орта жастағылардың да өздерін шектей алмай, ащы судың жетегінде жүргенін қалай айтпасақ?! Әрине бүкіл жұрт солай екен деуден аулақпыз. Алайда бұл жаман әдет ел өміріне бойлай енгенін айтпай тағы болмайды. Бізде қалдырып ішу деген болмайды деп масаттанады кейбір ішкендер. Олар тізгінді бос жіберіп, стақанды басына бір-ақ көтереді. Мұндай «батырлықтың» ақыры неге апаратындығында шаруа жоқ. Сонда деймін-ау, арақ біздің сыйластығымыздың, тілеулестігіміздің өлшемі болғаны ма?

Көлгірсімей шындыққа жүгінсек, бүгінде қазақ жұрты арақ-шарап ішуде Орталық Азиядағы ағайындарға шаңын көрсетпей кетті. Кей көршілерде соңғы жылдары той-томалақ өткізуге қатаң шектеу енгізілген. Мәселен, қырғыз үкіметі той өткізуде шашылып-төгілмеуді көздеген заң қабылдапты, онда тойға қатысты жайттар санамалап көрсетіліп, нақты шектеулер қойылған. Осындай бір заң біздің елге де қажет-ақ. «Мейрамдар мен атаулы

күндерді мерекелеу туралы» Үкіметтің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі №1465 қаулысын орындауды қадағалау қатаң қолға алынбай келеді. Ата-баба салтында арақ-шарап ішу болмаған ғой. Сусын ретінде қымыз бен шұбат, тарыдан жасалған боза ішкен. Тегі саламатты ғұмыр кешкен халық едік. Бүгінде араққа түгелге жуық бет бұрып, оны дастарқанның сәні, ойын-тойдың ажарын келтіретін «қажетті» ішімдікке айналдырып алды.

«Бәрі ішетін: әкесі, баласы да,  
Шешесі де, қызы да, бабасы да.

Арақта әкесінің құны кеткен,  
Халықтың жүргендеймін арасында», деп күңірене толғанады жазушы Сұлтанәлі Балғабаев. Байқаймыз ба, ағайын, қайда бара жатқанымызды. Тұңғыққа батырар кеселден сақтанаық. Ішімдікке үйір жандар рухани жағынан мешеу, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан жұрдай, дінінен безген. Сүйекке таңба, елдікке мін болып табылатын келеңсіз жайттардан арылу жағын осы бастан ойластырғанымыз жөн.

*Қанания МЫРЗАҒОЖИН,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

### **«Білім негізі бастауышта қаланады»**

Мамандығым мұғалім болғандықтан ба екен, ара-тұра мектепке соғып тұрғанды ұнатамын. Бірде жолым түсіп, Қостанайдағы №24 «а» қазақ бастауыш мектебіне бардым. Еңселі де сәулетті ғимараттың іші кірсе шыққысыз. Жылы, жинақы, тап-таза. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнар Сәрсенбаеваға оқушылармен кездесіп, әңгімелескім келетінін айттым. Ол кісі 3 «а» сыныбына бастап келді. Балалармен кездесіп, танысып, білістік. Оқулары жайлы сұрағанымда бәрі жапа-тармағай «жақсы оқимыз» деп жауап берді.

Бір сәт үнсіздіктен кейін өзім ала келген «Ұлан» газетін көрсетіп, «мұны жаздырып аласындар ма?» дегенімше біразы қолдарын көтеріп те үлгерді. 14 оқушы алады екен, риза болып қалдым. Әңгімені газет төңірегінде өрбітіп, оның оқушыға берері мол екенін, ой-өрісінді кеңейтіп, көптеген жайттан хабардар ететінін әңгімеледім. «Міне қараңдаршы, жер-жерден газеттің жас достары хат-хабар жолдап, мектептегі жаңалықтар, ауыл-қала өмірінің тыныс-тіршілігі, танымал тұлғалармен кездесу сәтін жазып жатады. Өлеңдер мен шағын әңгімелер, суреттер мен санжұмбақтар, жұмбақ, жаңылтпаштарын жолдайды».

Өз басым осы газетті үзбей оқып отырамын. Сондағы бір байқағаным, біздің өңірден жазатындар некен-саяқ. Оқта-текте Аманкелді, Торғай, Арқалық аудандары жақтан материалдар кезігеді. Науырзым ауданының Қожа ауылынан жазған бір мақаланы көзім шалғаны бар. Мектепте өтіп жататын кештер, өндіріс озаттарымен, соғыс ардагерлерімен кездесу, оқу озаттары, белді спортшылар туралы неге жазбасқа? Міне, балаларға осылайша ой ұсындым.

Бүгінгі ата-аналардың бәрі білімді, алайда көбі баласының оқуына көңіл бөлмейді, салғырт қарайды. Көптеген ата-ана балаларының газет-журналға жазылуына көңіл бөлмейді. Бұл басылымдар ой-өрісінді кеңейтіп, дүние-танымыңа ықпал етеді. Өкініштісі, кейбір ата-ана осыны ескермейді-ау.

– Қаладағы бұл білім ордасында 600-ден астам бала тәлім-тәрбие алып, білім негізінен сусындауда. Осында басқа ұлттың 9 баласы оқиды. Білімнің берік негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бұл мектепте 40 мұғалім жұмыс істейді, бәрі дерлік жоғары білімді, тәжірибелі ұстаздар. Мұғалімдердің қажырлы еңбегінің нәтижесі болса керек, шәкірттердің тең жартысы «4» пен «5-»ке оқиды. Информатика, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, хореография сабақтарын арнаулы білімі бар мұғалімдер жүргізеді. Орыс және ағылшын тілі сабағында сынып топқа бөлінеді. Мектепті жақсы бітіргендер сынақ арқылы қаладағы Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балалар мектеп-интернаты мен С.Мәуленов атындағы мектеп-гимназияға қабылданады. Енді бір топ оқушы қалаулары бойынша әскери оқу орнына түсуге дайындайтын кадет сыныбында оқуын жалғастыруда. Жасыратыны жоқ, оқушылар арасында оқи алмайтын, ойын толық жеткізе алмайтындар бар. Содан да олардың білім деңгейі төмен. Тіл білмеген балаға оқу қона ма? Көптеген ата-ана баламен жұмыс істеуге енжар, – дейді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлнар Сәрсенбаева. Иә, бұл ащы да болса шындық. Ата-ана мен мұғалім бірлесе жұмыс істесе ғана көпшілік түзетілер болар.

Мектеп қалада өтіп жататын түрлі байқаулар мен конкурстарға, турнирлерге, сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын айтқан жөн. Мәселен, 2012-2013 оқу жылында қала рейтингінде мектеп 1-орынға шығып, бір миллион теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Мектеп шахматшылары екі жыл қатарынан I, II орынды жеңіп алды. Көркемөнерпаздар байқауында жүлделі II орыннан көрінді. Барлық жетістіктерді санамалап шығу мақсат емес, олар көп-ақ. Оқушылар түгел ыстық тамақпен қамтылған. Тұрмысы төмен 18 отбасының балалары бюджет есебінен тегін тамақтанады. Тағамдар нәрлі, жеміс-жидек, салат үнемі болады, бағасы қымбат емес. Осында дәмхана да жұмыс істейді.

– Бізде ұлағатты ұстаз атанып, ата-аналардың құрметі мен ілтипатына бөленген мұғалімдер көп-ақ. Ботакөз Дөненбаева, Сағила Әлімбаева, Балдырған Рабаева, Ляззат Кәрімова, Роза Тәттібаева, директордың оқу және тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасарлары Г.Сәрсенбаева мен Н.Қасенова және басқалар шәкірттердің жүрегіне жол тауып, олардың оқу-білімге деген құштарлығын арттыра білетін майталман ұстаздарымыз, – дейді мектеп директоры Сәуле Елеусізқызы Кәрімова.

Иә, шынында білікті басшы мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне қолайлы ахуал туғыза біледі, бұл олардың жемісті жұмыс істеуіне игі ықпал ететіні хақ.

*Қанатия МЫРЗАҒОЖИН,  
Қазақстанның Құрметті журналисі*

## «Шоқан ауылының азаматтары»

Еліміздегі ірі көлдердің бірі саналатын Құсмұрын көлі Әуликөл өңірінің (Қостанай облысы) біраз жерін алып жатыр. Бұл өңірдің табиғаты ерекше. Құсмұрын дөңінің...

Еліміздегі ірі көлдердің бірі саналатын Құсмұрын көлі Әуликөл өңірінің (Қостанай облысы) біраз жерін алып жатыр. Бұл өңірдің табиғаты ерекше. Құсмұрын дөңінің теріскей бетіндегі еңісінен үш бұлақ ағып шығып, көлге құяды. Манағы дөңестің аңғары иірілген сай-сала, жыралары терең, соны қуалай қайың, терек, қарағаш, тал өседі. Сиректеу болса да қарағайлар да кездеседі. Осы маңайдың кең жазиралы алқабы Құсмұрын көліне таман бұйратталып, аңғарға жақындаған сайын қырқалана түседі. Қырқаның күнгейіндегі биік дөң, батыс жақ беті Ханжатқан деген ойпатқа жақындай жіңішкере беріп, темір ұстасының төсіндей сүйірленіп бітеді. Бұл төңіректің табиғат көрінісін Сәбең – Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романында осылай сипаттайды. Сағымды күндері алыстан қараған адамға осы сүйір қонғалы келе жатқан алып құстың тұмсығындай көрінеді. Бұл пойызбен Құсмұрын стансасынан Астанаға қарай шыға берген сәтте сол жағыңа көз тастасаң айқын байқалады. Халық сол тұмсықты «құсмұрын» атаған, көл де солай аталып кеткен көрінеді. Қырқалы аймақты жұрт тауға балап, сол төңіректі тау Құсмұрын деп атап кеткен ғой. Бұл өңірді арғынның тағышы руы жайлаған, керейлер де баршылық. Тағышылар негізінен Науырзымның Қайғы елінде қоныстанғаны белгілі. Қайғының тағышылары бұларды «тау тағышысы» деп атайды. Әңгімемізді Шоқан ауылының азаматтары деп атауымызда негіз бар. Қазақ халқының ұлы перзенті ғалым, тарихшы, этнограф, фольклоршы, ағартушы-демократ Шоқан Уәлиханов осы өңірде дүниеге келген. Ол туралы кезінде баспасөз беттерінде талай жазылған. Осылай десек те екіұдай пікір – біреулер ол Сарыкөл ауданының Күнтимес деген жерінде туған деп жүр. Осыған орай мына бір жайтты айта кеткен жөн. Атақты жазушы, академик Сәбит Мұқанов Шоқан жайлы роман жазуды ойластырған кезде оның балалық шағы өткен өңірді аралап, көнекөз қарттармен кездесіп, біраз жайтқа қанық болады. Үшінші рет Сәбең тау Құсмұрынға 1963 жылдың жазында келіп, керей Нәшкеннің Сүлейменінің үйіне түседі. Осында атақты жазушымен дастарқандас болудың сәті түсті (ол кезде Ыбекең ауылында мектеп директоры едім). Ұлағатты сөздерін, тартымды әңгімелерін естідік. Жасынан пысық Ыбырай ескіше оқып сауатын ашты, еңбекке ерте араласты. Заман ағымын дұрыс түсіне білген ол жаңалық атаулыны ықыласпен қабылдады. Содан да болар колхозға алғашқылардың бірі болып кірді. Ауылдастарына бірлескен еңбектің мәнін түсіндіріп, артельге жаппай кіруге үгіттеді. Ынтымақты еңбек өз жемісін бере бастады. Колхоз шаруашылығы алға басып, экономикасы нығая түсті, халықтың тұрмысы оңалды. «Еселі еңбек, бәрін жеңбек» деген нақылдың өміршеңдігіне көзі жетті жұрттың. Кенет ел басына қара түнек орнады. Фашистік Германия елімізге тұтқиылдан шабуыл жасады. Еразаматтар майданға аттанып жатты. Елде бала-шаға,

әйелдер мен кәрі-құртаң қалды, бар ауыртпалық солардың мойнына түсті. Алпыстан шыққан Ыбекең соларға бас-көз болды. Тылдағылар «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» ұранымен еңбек етіп, жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты. Ал Ыбекеңнің өзі қайнаған еңбектің ортасында жүрді: қырман меңгерушісі, тауарлы-сүт фермасының меңгерушісі, мал дәрігері болып істеді. Он жылдай колхоз басқармасының мүшесі және тексеру комиссиясының төрағасы қызметін қоса атқарды. Кейін 1963 жылы колхоз совхозға айналған тұста өзі қатарлы шалдардың басын біріктіріп, құрылыс бригадасын ұйымдастырып, мал қораларын жөндеумен айналысты. Бұл кезде Ыбекең 80-нен асқан, алайда әлі тың, қуаты қайтпаған кезі еді. Осы жерде мына бір жайтты айтқан жөн болар. 1963 жылы ауа райы қолайсыз болды, егін нашар шықты, жем-шөп те тапшы. Қарашаның аяғына қарай жекенің малы қолға қарап қалды. «Малды қопаға әлі бағуға болар еді-ау», дейтін үлкендер жағы. Бірақ суырылып ешкім шыға қоймайды. Міне, осындай қысыл-таяң кезде ел қамын ойлаған Ыбырай ақсақал қайрат-жігер танытады. Биесін ерттеп мініп, ауыл малын Құсмұрын көлінің қалың қопасына апарып салады. 83 жастағы ақсақал елдің малын сақылдаған сары аязда бір ай бойы бағып берген еді. Ел болып алғыс айтып «Бойыңа дерт бермесін, бала-шағанның қызығын көр, 100-ге жет», деп ақ баталарын берді жұрт.

Алланың берген қуаты арқасында Ыбекең балаларының ортасында шатшадыман өмір сүрді. Бәйбішесі қасында, ағайын-тумалардың той-думаны бұл кісісіз өтпейді. Құдалықтың бел ортасында жүретін де осы кісі. Тау Құсмұрын үлкен ауыл, той-томалақ болып тұрады. Ыбекең отырған жерде дастарқан басында арақ-шарап деген болмайды, бұған ауылдың үлкен-кішісі үйренген. Осылай жүріп жатқан Ыбырай ақсақал кенеттен сырқаттанып қалсын. Бастапқыда балалары салқын тиген болар деп ойлаған. Жоқ, олай болмады. Күн өткен сайын қарияның жағдайы қиындай берді. Ауылдың үлкендері көңілін біліп тұрады. Әңгіме-дүкен құрып, естіп-білген жаңалықтарын Ыбекеңмен бөліседі.

Күндердің күнінде «Ыбырай шал күзетке ілігіпті» деген әңгіме шықты. Көрші тұратын шалдар түнде біраз отырып қайтады. Ертеңісін осы кісілерден Ыбекең қалай екен, деп сұраймын ғой, несін сұрайсың Қанапия, уақытша жатқан кісі ғой, деп күдер үзгендей жауап қайтаратын. Көзіқарақты кісі ғой. «Бас» бұлақтың бір тұсынан балшық алдыртып, соны беліне, кеуде тұсына бастыртады. Әлгі саз балшық демде кеуіп, күйдірген балшық сияқты болады. Осылай күніне бірнеше дүркін бастырады. Алла сәтін салып, дертіне шипа болып Ыбекең айыға бастайды. Ақсақалдың жағдайын білейік деп Сейдахмет деген мұғалім екеуміз қарттың үйіне бардық. Төсектің үстінде басын көтеріп отыр екен. Сәлемімізді көңіл қошымен алды. Жағдайын сұрап жатырмыз. Мен бұрын-сонды ауырған жан емеспін, осы жолы қатты құладым. Бұлақтың саз-балшығы іштегі дертіме шипа болды-ау деймін. Қазір құдайға шүкір, жақсымын. Дәмге қарайтын болдым, деп жауап берді. Әңгіменің басында тау Құсмұрынға жазушы Сәбит Мұқановтың келгенін



айтып едім ғой. Осы ауылда көнекөз қарттар біраз-тын. Солардың ішінде тағышы Сыздық молда айрықша еді. Кезінде ол кісі Тройцкіде діни медреседе оқыған. Ыбекеңнен 5-6 жас үлкен бұл кісі осы өңірдің өткендегі тарихын жете білетіндердің бірі. Жасы ұлғайғандықтан ба екен, көп сөйлей қоймайды. Ал егер қыбын тауып сөзге тарта білсең, ақтарылып сала береді. Сәбең осы кісімен бір күн, бір түн бірге болып, біраз әңгіменің басын қайтарыпты. Аға сұлтан Шыңғыс пен Шоқан туралы біраз мағлұматқа қанығады. Ыбырай ақсақал да сөзге ұстамды, үлкендерден естіген әңгімелерді кейінгі жастарға жеткізе білетін кісі еді. Бұл кісі де Сәбеңе Шоқанның арғы аталары туралы естігенін тәптіштеп айтып береді. Жазушы кетерінде ағаларына ризашылығын білдіріп, сапарының сәтті болғанын, аса қымбат мағлұмат алғанын айтып қоштасыпты.

Осы тау Құсмұрын ауылына қазақтың тағы бір жайсаң азаматы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, кезінде Қазақ КСР денсаулық сақтау министрі болған Мұхамеджан Фаризов ат ізін салғанын айта кеткен артық болмас. Бұл кісі Тобыл бойын жайлаған қыпшақ тайпасының бір ұрпағы. Сонау 30-шы жылдары аштық кезінде көз жазып қалған немере қарындасы Ғайнешті көру болыпты арманы. Ұзақ уақыт іздестіріп, сұрау салу нәтижесінде Ғайнеш деген кісі Семиозер жақта тау Құсмұрын деген жерде тұрады деген хабар алады. Қызмет бабымен Семиозерға келген ол бірден осында тартады. Бұл кісінің қарындасымен қауышқан сәтін көрсеңіз ғой. Сөзбен жеткізу мүмкін емес. Үлкен кісінің жан-дүниесі босап, еңкілдеп жылап, өксігін баса алмай, күйзелген кейпін көргенде осы қайғыны өзің кешкендей күйге түсесің. Қарындасы тағышыларға келін екен. Күйеу баласы Хамиғали малын сойып әбігерге түсті. Кешке қонақасы берілді, жақсы бір мәжіліс болды. Мұхаң керемет әңгімешіл кісі екен. Жұрттың бәрі соның аузына қарап қалды...

Ертеңіне шәй үстінде қарындасы мен күйеуіне балаларыңды оқытып, адам етіп шығарамын. Мына, Қырымың биыл 7 жылдықты бітіріпті, әрі қарай Алматыда оқысын, ала кетемін деді. Сол Қырым астананың белгілі № 12 орта мектебін жақсы бітіріп, Алматының мемлекеттік медицина институтына түседі. Бүгінде Қырым Ахметов ғылым докторы, Астанада медициналық ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары. Міне, «жақсыдан – шарапат» деген осы. Немере түгілі бірге туғанына қараспай жатқандар қаншама бұл өмірде. Ыбекеңнің тағы бір ерекшелігі көріпкелдігінде. Жоғарыда айтқан керей Нәшкеннің Сүлеймені елге сыйлы, көпті көрген, кезінде колхоз басқармасы, ауылдық кеңес төрағасы болған. Міне, осы кісі бірде елге келіп, өлген-жіткендерге дұға оқып, өкшелес Ыбырай жездесіне барып сәлем береді. Біраз өткен-кеткеннен әңгіме қозғап, бір жасап қалады. Қоштасар сәтте «Сүлеймен, Ыбырай қайтыс болыпты десе сенбе. Иншалла деп айтайын, жүздің бес-алтауына дейін ғұмыр кешемін», депті. Жарықтықтың айтқаны тура келді. 106-ға қараған шағында дүниеден өтті, деп отырушы еді Сүлекең.

Ыбекең табиғатында қақ-соқпен жұмысы жоқ, жарқын жүзді, ақкөңіл, кісіге болсын дейтін адам еді. Осы заманғы жастардың арманы жоқ, дейді ақсақал. Олар бақытты, тұрмыс сәнді, өмір мәнді, не қажеттің бәрі бар, тек жақсы еңбек ет. Сонда абырой да, бедел де, құрмет те келеді. Өткен, бастан кешкен өмірімізге ойша көз жүгіртіп көрейікші. Халық ауыр тұрмыс тауқыметін бастап кешті. Күштілер мен озбырлардың зорлық-зомбылығына ұшырады. «Шықпа жаным, шықпа» деп күн кешті ғой халық деп күрсінетін ақсақал.

«Сулы жер – нулы жер» дегендей, бұлақ басында отырған бұл ауылдың халқы көкөніс өсіруге машықтанған, содан нәпақа тауып отыр. Жері құнарлы әрі су тегін. Әсіресе, тез өсіп, өнетін қияр өсіру тиімді әрі ол өтімді келеді.

Ақсақалдары қандай еді. Исабай, Бекбай, Әлібек, Төлебай, Кәкең, Қоңқабай, Қабдұлла сияқты кісілер сөз қадірін білетін, қол қайырымы мол, кісіге болсын дейтін, пейілдері кең қарттар еді. Ерсабыр, Қауез, Төкең, Мұхамедияр, Қасымхан, Есендер де жаны жайсаң азаматтар еді-ау. Міне, осы аталған кісілердің бәрі Шоқан ауылының азаматтары болатын...

*Дереккөз: Егемен Қазақстан*

### **«Ағайын тату болса...»**

Балалық шағымыз Екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапыл жылдарымен тұстас келді. Ол бір қиын кезең еді ғой. Қарағайлы орманның қолтығына орналасқан біздің ел бәлендей ашыға қоймады. Орыс поселкелерімен қарым-қатынас жасап, қайта соларға қайың мен қарағайын апарып, көбіне картопқа айырбастап талғажау қылатын-ды. Қыста әкеміз Қостанай қаласына (60 шақырым араға бір қонып) отын, шөп, қол диірменге тартқан бірер пұт ұнын, жемі мен кебегін сатып, отбасына қажетті арзанқол киім-кешек, қант-шайын сатып әкелетін.



*(Суретті салған Айдарбек Ғазизұлы, «Егемен Қазақстан»)*

Өмірдің аты өмір, ол өз кезегімен өтіп жатты. Сондай қиын уақыттардың өзінде той-томалақ болып тұратын. Жігіттер соғыстан оралып, балаң жігіттер ержетіп, отау құрып, нәрестелер дүниеге келе бастады. Ауыл барымен базар деп, шаймен болса да қуаныштарын бөлісіп, көңіл көтеріп, мәре-сәре болып жататын. Кейін жұрт есін жиып, тойына бастағанда арақ деген бәле шықты. Ертеректе оны ауылдың «игі жақсылары» ғана ара-тұра

ішетін еді. Міне, тап солар бұл жөнінен «өнеге көрсетті» десем, ешкім дау айта қоймас. Халық «Балық басынан шіриді» деп осындайда айтқан ғой. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген емес пе? Осы бір теріс әдет ел арасына тарай бастады. Шаруа баққан жігіттер әлгінің дәмін татып, соған үйірсек болды.

Тың игеруге орай қазақ ауылдарына қоныс тепкендер бұл жөнінен «көсемдік» көрсетті. Ағаларымыз қырға егін салып, шөп шауып, мал бағып жатқанда, жеңгелеріміз орыстың мәтүшкелерімен (мать, матушка деген орыс сөзі) қантсыз ашыған боза (брашка) ішіп, сайрандауды шығарды. Сол жылдары елде үлкен де, кіші де ішімдікке әуестеніп алды. Кейін жаппай ішу басталды. Содан қазақ әлі ішіп келеді. Шегінер, ақыл-тоқтамға келер түрлері байқалмайды.

Ішімдіктің зияны, оның әкелетін қайғы-қасіреті туралы аз жазылып жатқан жоқ. Бір сәт төңірегіңе көз тасташы. Бәленше жол апатына ұшырапты, түгеншені пышақтап кетіпті, әлгі бәленшенің ұлы әкесін өлімші ете ұрып, зейнетақысын тартып алыпты деп естисің. Арақтың қазаққа тигізіп отырған залалы шектен шықты десек, артық айтқандық емес. Ішімдікке бейім ұлт қалайша өз елінің қожасы болмақ? Отбасының бас көтерері маскүнем болса, үйде қандай береке, қандай ынтымақ-бірлік болмақ? Жалтақтап өскен, ашқұрсақ балалардың ертеңі не болмақ?

Отбасының ұйытқысы, құт-берекесі саналатын әйелдің ерімен қосылып арақ ішуі етек алып бара ма, қалай? «Маскүнем әке – тауқымет, маскүнем ана – қасірет» деп тегін айтылмаса керек. Екеуі де әң әуелі өз ұрпақтарын сорлатады. Бүгінде ішімдіктің салдарынан кемтар туып, кембағал болған балалар қаншама. Қылмыс жолына түскендер ше? Өзіне өзі қол жұмсау, яғни суицидтен әлем бойынша екінші орынға көтерілген Қазақстан арақ ішуден де алға шықты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының спиртті ішімдіктер тұтынуға қатысты әлем бойынша жүргізген арнайы зерттеулерінде Қазақстан 188 елдің арасынан 34- орынға көтерілген. Орталық Азия елдерімен салыстырсақ, бұл тізімде Қырғызстан – 106, Түрікменстан – 114, Өзбекстан – 131, Тәжікстан 134-орыннан көрінген. Бұл нені көрсетеді? Ойлан, ағайын! Ойлан қазақ! Жоғарыда айтылған ұйымның деректері бойынша жылына 8 литр арақ ішкен адам маскүнемдердің қатарына жатады екен. Ал бізде адам басына шаққанда, арақ ішу 33,5 литерден келеді. Адам басына! Әділін айту керек, бізде арақпен қош айтысқандар да жеткілікті. Мұны ескерсек 33,5 литрден әлдеқайда көп болса керек. «Қазақтың араққа кеткен ақшасынан тау тұрғызуға болады» деген әзіл айтылып жүр. Жаны бар әзіл.

Арақ ішуге сылтау көп-ақ. Сәбидің дүниеге келуі, оларды туған күнінен бастап, мектеп, институт бітіруі, әскерден аман-сау келуі, тіпті газетке шығып жатса да көрші-көлем болып ішуді ұнататын абысын-ажындар жоқ емес.

Осы орайда белгілі сатирик-ақын Серік Кенжеахметовтің «Ағайын тату болса арақ көп, абысын тату болса, шарап көп» деген мысқылы ойға оралады. Ішуге сылтау көп дедік қой жоғарыда. Солай екен деп тізгінді бос жіберуге

әсте болмас. Ертеңімізді, жастарымыздың болашағын ойлайық. Үкімет те бұл жөнінде нақтылы шара қолдануы керек деп есептейміз. Соғым сою, омыртқаға шақыру қазақтың еншісіне тиген, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан жақсы дәстүрі. Алайда осындай басқосулар көбіне арақты сілейгенше ішуге ұласады. Ондай жерде әрине, ешқандай береке болмасы өзінен өзі түсінікті. Ауылда соғым сойған күні көрші-көлем түгел шақырылады ғой. Міне, сонда кәрі кемпірлердің, күркілдеп отырған шалдардың арақты сіміретінін қайтерсің. Орта жастағылардың да өздерін шектей алмай, ащы судың жетегінде жүргенін қалай айтпасқа?! Әрине бүкіл жұрт солай екен деуден аулақпыз. Алайда бұл жаман әдет ел өміріне бойлай енгенін айтпай тағы болмайды. Бізде қалдырып ішу деген болмайды деп масаттанады кейбір ішкендер. Олар тізгінді бос жіберіп, стақанды басына бір-ақ көтереді. Мұндай «батырлықтың» ақыры неге апаратындығында шаруа жоқ. Сонда деймін-ау, арақ біздің сыйластығымыздың, тілеулестігіміздің өлшемі болғаны ма?

Көлгірсімей шындыққа жүгінсек, бүгінде қазақ жұрты арақ-шарап ішуде Орталық Азиядағы ағайындарға шаңын көрсетпей кетті. Кей көршілерде соңғы жылдары той-томалақ өткізуге қатаң шектеу енгізілген. Мәселен, қырғыз үкіметі той өткізуде шашылып-төгілмеуді көздеген заң қабылдапты, онда тойға қатысты жайттар санамалап көрсетіліп, нақты шектеулер қойылған. Осындай бір заң біздің елге де қажет-ақ. «Мейрамдар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Үкіметтің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі №1465 қаулысын орындауды қадағалау қатаң қолға алынбай келеді. Ата-баба салтында арақ-шарап ішу болмаған ғой. Сусын ретінде қымыз бен шұбат, тарыдан жасалған боза ішкен. Тегі саламатты ғұмыр кешкен халық едік. Бүгінде араққа түгелге жуық бет бұрып, оны дастарқанның сәні, ойын-тойдың ажарын келтіретін «қажетті» ішімдікке айналдырып алды.

«Бәрі ішетін: әкесі, баласы да,  
Шешесі де, қызы да, бабасы да.  
Арақта әкесінің құны кеткен,  
Халықтың жүргендеймін арасында»,

деп күңірене толғанады жазушы Сұлтанәлі Балғабаев. Байқаймыз ба, ағайын, қайда бара жатқанымызды. Тұңғыыққа батырар кеселден сақтанаыық. Ішімдікке үйір жандар рухани жағынан мешеу, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан жұрдай, дінінен безген. Сүйекке таңба, елдікке мін болып табылатын келеңсіз жайттардан арылу жағын осы бастан ойластырғанымыз жөн.

*Қанания МЫРЗАҒОЖИН,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі  
Астана*

## Арақ азабы қазақты тозқа апарамасын

Ішімдіктің зияны, оның әкелетін қайғы қасіреті туралы аз айтылып жатқан жоқ. Бір сәт төңірегіңе көз тасташы. Бәленше жол апатына ұшырапты, түгеншені пышақтап кетіпті, әкесін өлімші етіп ұрыпты, ұрлық-сұмдық қылмыс жасапты, адамдарды ұрып таяқтапты, зинақорлық пен айналысыпты, айуан тектес қылықтар істепті жексұрындық пен арақты өлгенше ішіп мас болып деп күнделікті естіп көз көріп жүр жұртшылықтың. Саудагерле арақтан пайда таптым деп қате түсінікте жұмыс істейді. Қаншама зыйян тигізіп жатқанын білсе де қоғамдық өмірге қоймай пайда ойлайды аз күндік есебімен.

Отбасының ұйытқысы саналатын әйелдердің еркетермен қосылып арақ ішіуі қасірет болып бара жатыр.

«Маскүнем әке тауқымет, маскүнем ана қасіреті» деп тегін айтылмаса керек. Ұрпақтары керазар, мәңгүрт, сөз түсінбейтін, амандық-саулығы жоқ, адамшылықтан жұрдай болады қанға арақ сіңгендіктен мәңгілікке. Арам ас ішіп-жегендіктен осының бәрі геніне сіңеді.

Арақ ішіуге сылтау көп-ақ. Өмірге адам келгеннен бастап өліп өмірден кеткенін де той деп азғынның арағымен ластаймыз өмірді. Кезбелер көбейіп қайыршы кейіпте жүреді алқаштары. Ақшасы барлары қымбат қағазы жылтыр неше түрлісін ішеміз деп мақтанады, оның ішіндегісінің бәрі бірдей екенін білседе.

Психологтардың пайымдауынша арақ ішпейтін адамдарды жақтырмайды, өздері өйткені оның ішіне арақтың уы тамырына кіріп алған, сондықтан шеке тамыры ісіп ашыу мініп есіріп кетеді. Сонысына қарамай жаман әдеттерге үйір болып адам төзгісіз қылықтар шығарып қозып кетеді. Сөзінде пәтуа жоқ қанқу өсекке үйір сүмелек болып жамандайды өз есерлігін біліп тұрып. Және жақсылықты көрмейтін, өте кекшіл көре алмаушылық, озбырлық қылықтарға үйір болып келеді. Әлсіз деп өзінен кішілерге, нәзік қыздарға, қартарға күш көрсетеді шамасы жеткенге, есірік атып кетеді күнделікті жай өмірде де. Осындай әдеттерден құтылу үшін спортпен, өнермен басқада жақсы іспен шұғылдану керек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының спиртті ішімдіктер тұтынуына қарсы әлем бойынша жүргізілген арнайы зерттеулерінде Қазақстан 188 елдің арасында 34 орынға көтерілген. Орталық Азия елдерімен салыстырғанда, Қырғызстан 106, Өзбекстан 131, Тәжікстан 134, орыннан көрінген. Ал бізде адам басына шаққанда 33,5 литр. «Мейрам күндері» Үкіметтің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі 1465 қаулысы орындауды қадағалау қатаң қолға алынады. Ата-бамамызды салтында арақ-шарап ішу болмаған. Сусын ретінде қымыз бен шұбат тарыдан жасалған боза ішкен. Тегі саламаты ғұмыр кешкен халық едік.

«Бәрі ішетін: әкесі, баласы да, Шешесі де, қызы да. Арақта әкесінің құны кеткен, Халықтың жүргендеймін арасында» деп күңіренген Сұлтанәлі Балғабаев.

Байқаймыз ба, ағайын ішімдікке үйір жандар рухани жағынан мешеу, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптан жұрдай, дінен безген. Сүйекке таңба, елдікке мін болып табылатын келеңсіз жайтардан арылу жағын осы бастан ойластырғанмыз жөн.

*Авторы Қанапия МЫРЗАҒОЖИН  
ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН*

**Арақты жек көрсеңіз ТАРАТЫҢЫЗ!**

*Анда-санда ішсеңіз Арақты арамды қойыңыз қазірден бастап!  
Өйткені жек көрінішті көрінесіз сыртан қарағанда. Таратпасаңыз  
Қазақтың жауысыз! жаны ашымайтын болашаққа.*

*Адам болсаңыз Қазаққа жанашыр, Ұлтишыл. Ұрпақтар денсаулығы  
үшін таратыңыз!*

### **«АЛАПАТ ЖЫЛДАР АЗАБЫ»**

Бала да болсақ соғыс жылдарындағы ел басына түскен ауыртпалықты үлкендермен бірге көріп, қанқұйлы неміс-фашистерін талқандауға өзіндік үлесімізді қостық. Сол ауыр жылдары көп жайттың куәгері болдық. Бір шаруашылықтың тыныс-тіршілігі арқылы елдегі ахуал, халықтың тылдағы жанқиярлық еңбегін баяндауды жөн көрдім.

Қостанай өңірінің Семиозер (бүгінде Әуликөл) ауданында, «Бесағаш» деп аталатын біздің колхоз Бесағаш, Сасық, Жалпаққайың ауылдарын біріктірген шаруашылық еді. Шаруасы шағын бұл колхозда жұмыс күші болғанымен жегін көліктен кемістік көретін-ді. Ол кезде шаруашылықтың қуаты жұмыс көлігі санымен бағамдалатын. Мықты шаруашылықтарда 150-160 өгіз болса, біздің колхозда 80, әрі кетсе 90 өгіз болатын. Техникадан доңғалақты тракторлар мен тіркемелі «Коммунар» комбайндары болатын.

Германия деген ел соғыс ашыпты деген суық хабар ел ішіне тез тарады. Көп ұзамай жігіттерді әскер қатарына шақыру басталды. Ел іші жылау, сықтау. Жалғзын, бауырын майданға аттандырғалы жатқан ата-ананың, ағайінінің, сүйген жарымен қимай қоштасқан келіншектің, әкесінің кеудесіне жабысып, «папалап» жылаған баланың мұңды зарын есту қандай қиын. Бесалты айдың ішінде ауыл жігіттерінің көбі майданға аттанып кетті. «Басқа түссе баспақшы» дегендей, колхозда жұмыстың ауыртпалығы кәрі-құртаң шал-шабан, қатын-қалаштың мойнына түсті. Жасөспірім балалар, тіпті, он жастағылар да жұмысқа жегілді.

Сол жылы егін жақсы шықты. Мол астықты уақытымен жинап алу үшін үлкен-кіші жұмыла еңбек етті. Бірде комбайн сынса, бірде оны сүйрететін доңғалақты трактор сынып қалады. Егінді лабогрейкамен де жинайтын. Дестеге салған егінді алапты арбамен қырман басына тасып, маяға үйеді. Осы жерде оны «Коммунар» комбайнымен бастырады, ал комбайн сынып қалса, егінді пар өгіз жегілген молотилкамен бастырады. Бастырылған астықты бізден 15 шақырым жердегі элеваторға жәшік арбамен

апарады. Қырманда астықты «Веемка» деген шағын құралғымен тазартады. Екі әйел әлгінің құлағын айналдырса, екі әйел алма-кезек дәнді құйып тұрады. Тағы екі әйел «Веемкадан» тазартылып шыққан астықты екінші жерге тасып үйеді. Желді күндері үлкен кісілер үйіліп қалған астықты жалпақ ағаш күрекпен желге желпіп тазартады. Осындай қам-қарекетпен жүргенде жауынды-шашынды күз келіп жұмысқа қолбайлау жасайтынын қалай айтпасқа. Міне, қыс та қылаң берді. Қырмандағы қалған егінді қыс бойы бастырады. Қысқа күнде әрі суықта іс өне ме? Өлмешінің күні ғой. Тойып ішетін ас та жоқ. Қырман басындағы қоста от жағып, соған жылынып жатқаны.



Колхозда жұмыс ретімен жүріп жатады. Қоғамдық малды күтіп-бағу, көктемгі егіске қажет тұқымды элеватордан тасып жеткізу, қолмен егіс алқабына қар тоқтату қыр басынан малға шөпті күнбе-күн тасып беру. Әсіресе, қырдағы шөпті тасып жеткізу қиын-ақ, жиі соғатын борандар жолды басып қалады. Маяның төңірегін қардан тазарту бір бейнет. Міне, осы жұмысты үлкендермен бірге 13-14 жастағы балаң жігіттер атқаратын, ал, 10-12 жастағы біз сияқтыларды егіс алқабына қар тоқтатуға, яғни аққала тұрғызуға салатын, үй-үйден тауықтың қиын жинап, егіс алқабына итшанамен тасып жататын да біздер едік.

Майдан жақтан не хабар дейсіз бе? Ол кезде жұрттың көбі қараңғы. Келген хаттарды балалар оқитын. Соғыс жайлы хабарды ауыл мұғалімі Әбдірақ ағай (кейін ағасы қаза тапты), ауылнай Ғалымжан деген кісі түсіндіретін еді. Біз балалар үлкендерге жалтақтап қарап, үнсіз тындаймыз. Үлкендер жағы, қара танитын кісілер немістің беті қатты, Мәскеуге жақындап қалыпты деп мұңаятын. Елге «қара қағаздар» келе бастады. Екі-үш шалдың басы қосылып біреудің үйіне қарай беттесе, сол үйдің адамдары жаманат хабар естіруге келе жатыр ма деп үрейленетін еді. Шалдар үй иелеріне қайғысына ортақтасып, көңіл айтып жұбататын. Молдахмет атамыз баласы жоқ кісі еді. Інісі Төлендіні майданға аттандырарда көзіне жас алып: «Жаудың сыбағасын беріңдер, бірақ өзінді сақта, абай бол. Сүйенерім жалғыз өзіңсің», деген-ді. Міне, мұның да артынан қара қағаз келді. Бізге туыс Салмағамбет пен Жалмағамбет те қан майданда ерлікпен шайқасып, қаза болды. Жап-жас Ахат, Мағзұм сынды жігіттер қыршынынан қиылды. Немістердің концлагерінде азап пен қорлықты бастан кешкен Қазидеген ағамыз кейін опасыздық жасады деген айыппен он жылға сотталып, қан

майданда жазасын өтеді. Біздің «Бесағаш» колхозынан қырықшақты кісі майдан даласында өлім құшты.

Жасы елулерді еңсерген кісілер еңбек армиясына алынды. Майданға қару-жарақ шығаратын зауытта жұмыс істеген олар жеңіс күнін жақындатуға өзіндік үлестерін қосты. Златоуст, Челябині, Копейск, Магнитогор зауыттарында олар бейнетті аз көрген жоқ, суық барак, мардымсыз тамақ, ескі-құсқы киім осының бәрі жығылғанға жұдырық дегендей күйзелтті. Колхозда есепші болып істеген Әмір деген денелі толық кісі еді. Әйелі қайтып, елге қысқа мерзімге келген оны ауыл адамдары танымай қалыпты. Колхозда қырдан алаңға арбамен шөп тасығанда алдына жан салмаған. Орыстың мен мықтымын деген жігіттері онымен тең келе алмаған. Бес күндік жарыс қорытындысы бойынша үнемі озат деп танылып бірінші сыйлықты алады екен. Осы ағамыз да Орал бойындағы зауыттың бірінде істеген. Бірде «Қазыбай келе жатыр екен» деген хабар жетті ауылға. Күздің қара суық кезі еді. Үй-іші дайындалып, ағайын-тума қуанысып жатыр. Сол хабар хабар күйінде қалды. Титықтап әбден жүдеп әлсіреген Қазыбай қалтарыста жан тапсырды-ау дейтін үлкендер жағы.

Соғыс жылдары ауыл еңбеккерлері «Бәрі майдан үшін, Бәрі жеңіс үшін!» ұранымен еңбек етті. Майдандағы жауынгерлерді азық-түлікпен, жылы киім-кешекпен жабдықтау керек еді. Қыз-келіншектер қыстың ұзақ кешінде жүн түтіп, оны иіріп шұлық, мойыншалма, қолғап тоқып, әшекейлі темекі салатын кисеттер, кестелі ақ орамалдар тігіп, оларды майданға сәлемдеме ретінде жөнелтіп жатты. Қолында барлар шолақ тон, бас киім, пима көкірекшені арнайы пунктке өткізіп, содан майданға жөнелтетін. «Көп түкірсе көл» дегендей, бүкіл ел болып қолға алған осындай игілікті іс жауынгерлердің рухын көтеріп, қажыр-қайратын еселей түсті. «Кестелі ақ жібек орамал» әні осы тұста шықса керек.

Елде маусымдық жұмыстың жауапты да маңыздысы егін салу ғой. «Көктемнің бір күні жылға азық» деп бекер айтылмаған. Егін салу науқаны бар шаруаның бастысы. Егістік алқап жақсы жыртылып, сапалы өңделсе оның өнімі де жоғары болмақ. Жоғарыда біздің колхозда 80-90 тегін өгіз болатынын айтқанмын. Ал егін салу науқанын сапалы әрі мерзімінде атқару үшін бұл аз. Колхоз басқармасы халықпен ақылдаса келе жұрттың сиырын жегу керек деген ұйғарымға келеді. Алайда, бұған келіспей бұра тартқандар да болыпты. Айтарға уәжі, бала-шаға сол жалғыз сиырдың ағына қарап отыр. Күні бойы соқа сүйреген сиырдан сүт шыға ма? Әйтсе де, екі мезгіл сауып, соны отбасы талғажу ететін.

Біздің ауылымыз Қазанбай орманының беткейінде орналасқан. Бұл Әуликөл ауданының аумағында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан көлемді орманды алқап, негізінен зәулім, аспанмен таласқан қарағайлар, ақ қайыңдары мен шыршалар, теректері мен талдары аралас өскен ну орман. Біздің колхоздан бес-алты шақырымдай жерде орман ішінде үлкен кордон болды. Онда орманды қорғап, күтім жасайтын орманшылар тұрады. Міне, 1942 жылы осы жерде Соғыс мүгедектері үйі ашылды. Бірнеше жатын үйлер,



асхана наубайхана, монша, дәрігерлік пункт, қора-жайлар, тағы басқа қосалқы құрылыстар салынды. Бұл мекеменің қосалқы шаруашылығы да болды. Көп ұзамай мүгедек жандарды әкеле бастады.

Бұлар кемтар жандар – біреуінің аяғы, біреуінің қолы жоқ. Екі аяғы, екі қолы жоқтар да бар арасында. Көз жанарынан айырылғандар, контузия алған, ақыл-есі кемістер де кездеседі. Бұлар барар жері, басар тауы жоқ дегендей, ешкімі жоқ, ал бола қалса бұлардан бас тартқан, сөйтіп, тағдыр тәлкегіне түскен ғарып жандар-тын. Оларды мемлекет қамқорлығына алып, алаңсыз тіршілік етуіне жағдай туғызды. Төңіректегі ауылдың үлкендері келіп қазақ кісілермен әңгімелесіп, хал-жағдайларын біліп, қай елдің азаматтары екенін сұрап жатқаны. Айт кезінде ауылға шақырып дәм-тұздарын тартқызып, көңілдерін аулайтын. Хабар-ошарсыз кеткен балаларын, туыстарын еске алып, олар да осылар сияқты бір жерде жүр ме екен, деп көңілдері босап, көздеріне жас алып, аяушылық білдіріп жататын. Осы мүгедектер үйі бес-алты жылдай жұмыс істеп, кейін таратылды.

Неміс фашистерімен болған қанқұйлы сұрапыл соғыс кеңес халқының жеңісімен аяқталды. Елдің көңіл күйі көтеріңкі. Майданнан азаматтар орала бастады. Иә, жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Талай боздақтар ұрыс даласында ерлікпен шайқасып, еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жанын пидаетті, кем-кетік болып келгендер қаншама. Осы біздің үш ауылдан қырықшақты жігіт майданнан оралмады. Ауыл да қатты күйзеліске ұшырап, өлмесінің күнін кешті, бірақ шыдап бақты, төзді. Жеңіске деген сенім оларға күш-қуат берді. Фашистік Германия дүниежүзі алдында қарабет болып жеңілгенін мойындап, тізе бүкті. Ұлы Жеңіске кеңес халқы мызғымас бірлігі, жанкешті ерлігі, қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізді.

Сөз соңында Ұлы Отан соғысының ардагері, Жеңістің 60 жылдығында Мәскеудегі парадқа қатысқан, бүгінде тоқсанның сегізіне келген Жүнісбек Молдағали ағамыз бір естелігінде «Соғыстың соңғы солдатты біз болайық» деген еді. Ләйім ағамыздың айтқаны келсін. Алапат соғысты ұрпағымыз көрмесін енді.

*Қанания МЫРЗАҒОЖИН,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*



ЎЗБЕКСТАН



Ўзбекистон Республикасидаги иқтисодий ҳаётнинг янги босқичига эришилди. 1957 йилда республикада иқтисодий ислоҳотларнинг янги босқичига эришилди. 1957 йилда республикада иқтисодий ислоҳотларнинг янги босқичига эришилди.

## Қозғинмен қорасоғли, қоғилва туйвсаім

Ўзбекистон Республикасидаги иқтисодий ҳаётнинг янги босқичига эришилди. 1957 йилда республикада иқтисодий ислоҳотларнинг янги босқичига эришилди. 1957 йилда республикада иқтисодий ислоҳотларнинг янги босқичига эришилди.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан	3
Өмірбаяны	4
1952-1956 жылдары Орал мемлекеттік педагогикалық институтында оқыған (Фотосуреттер)	14
Тимофеев орта мектебінің ұжымы (Фотосуреттер)	16
КСРО Коммунистік партиясының мүшесі (Фотосуреттер)	18
Марапаттары және атағы	22
Кітаптары	27
Әріптестер лебізі Мұқатов Нағашыбай	27
Шынайы ізгі лебіздер Шаяхмет Ақылбек	28
«Қанапия ағаға» Әсия Беркенова	29
Мырзағожин Қ. Ж. туралы	30
Мақалалары мен әңгімелері	30
Интернет-ресурстар	31
Еңбек кітапшасындағы жазулар	31
Отбасы (Фотосуреттер)	31
Қазанама	34
«Абырой биігі» Сейфолла Шайынғазы	35
«Ақсақал деген атқа кімдер лайық?»	37
«Қостанайда «көшесі» бар Сәкеннің»	39
«Әйелдердің ерімен қосылып арақ ішуі етек алып барады	41
«Білім негізі бастауышта қаланады»	43
«Шоқан ауылының азаматтары»	45
«Ағайын тату болса...»	48
Арақ азабы қазақты тозқа апарамасын	51
«Алапат жылдар азабы»	52
Қарт ананың көз жасы	56
Көзіммен көргенім, көңілге түйгенім	57

**Құрастырушы:** Г. М. Жамахина  
**Шығарылымға жауапты:** А. К. Мукушова  
**Редактор:** С. Ж. Серкебаева

Басуға қол қойған күні 27.03.2024 ж.  
Пішімі 210\*297 1/2. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі Times New Roman.  
Көлемі 9,25 шартты баспа табақ  
Таралымы 3 дана

Әулікөл ауданы әкімдігінің мәдениет  
және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулікөл  
орталықтандырылған кітапхана жүйесі»  
мемлекеттік мекемесі  
110400, Әулікөл с. Сьянов, 53  
Тел. 8(714) 53-26-1-86  
E-mail: [aulzbs@mail.ru/kz](mailto:aulzbs@mail.ru/kz)